Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Басқармасының Хаттамасымен (11/10/2022 ж. № 59) бекітілді № 1 өзгерістермен (Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Басқармасының 21.12.2022 ж. № 70 хаттамасы) № 2 өзгерістермен (Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Басқармасының 30.03.2023 ж. № 15 хаттамасы) № 3 өзгерістермен (Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Басқармасының 20.06.2023ж. № 27 хаттамасы) № 4 өзгерістермен (Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Басқармасының 26.09.2023ж. № 42 хаттамасы) № 5 өзгерістермен (Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Басқармасының 25.11.2025ж. № 54 хаттамасы) № 6 өзгерістермен (Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Басқармасының 27.04.2026 ж. № 21 хаттамасы) № 7 өзгерістермен (Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ Басқармасының 30.09. 2026 ж. № 67 хаттамасы) № 8 өзгерістермен (Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ Басқармасының 10.11.2026 ж. № 76 хаттамасы)	**Утвержден Протоколом Правления ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) (№59 от 11/10/2022 года)** С изменением №1 (Протокол Правления ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) №70 от 21.12.2022г.) С изменением №2 (Протокол Правления ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) №15 от 30.03.2023г.) С изменением №3 (Протокол Правления ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) №27 от 20.06.2023г.) С изменениями №4 (Протокол Правления ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) №42 от 26.09.2023 г.) С изменениями №5 (Протокол Правления ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) №54 от 25.11.2025 г.) С изменениями № 6 (Протокол Правления ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) № 21 от 27.04.2026 г.) С изменениями № 7 (Протокол Правления ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) № 67 от 30.09.2026 г.) С изменениями № 8 (Протокол Правления ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) № 76 от 10.11.2026 г.)
Жеке тұлғаның ағымдағы шотын ашу, дебеттік төлем карточкасын беру және пайдалану туралы ҚОСЫЛУ ШАРТЫ	**ДОГОВОР ПРИСОЕДИНЕНИЯ об открытии текущего счета физического лица, о выдаче и использовании дебетной платежной карточки**
Жеке тұлға үшін ағымдағы шот ашу, Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ (бұдан әрі - Банк) дебеттік төлем картасын шығару және пайдалану туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) арқылы Банк қатысушысы болып табылатын төлем жүйесінің (бұдан әрі – Төлем жүйесі) көрсетілген ағымдағы шотқа (шоттарға) қол жеткізу құралы болып табылатын төлем жүйесінің дебеттік төлем картасын шығару және пайдалану, клиенттердің – жеке тұлғалардың (бұдан әрі – Клиент) ағымдағы шот(тар) ашу бойынша қызметтерді алудың стандартты талаптарын айқындайды.	Настоящим Договором об открытии текущего счета физического лица, о выдаче и использовании дебетной платежной карточки (далее – Договор) ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) (далее - Банк), определяет стандартные условия получения клиентами - физическими лицами (далее – Клиент) услуг по открытию текущего (-их) счета (-ов), выдаче и использованию дебетной платежной карточки платежной системы участником которой является Банк (далее – Платежная система), являющейся средством доступа к указанному (-ым) текущему (-им) счету (-ам).

Бұдан әрі Клиент пен Банк бірлесіп «Тараптар», ал әрқайсысы жеке «Тарап» деп аталады.	В дальнейшем Клиент и Банк совместно именуются «Стороны», а каждая по отдельности – «Сторона».
Клиенттің Шартқа қосылуы оның келісімі негізінде жүзеге асырылады. Мұндай келісім Банктің операциялық бөлімшесінде немесе филиалында Клиенттің Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1 қосымшадағы нысан бойынша Шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі – Өтініш) қол қоюы арқылы не Өтініш қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі (бұдан әрі – Жеке тұлғаларға арналған интернет-банкинг) арқылы берілген жағдайда, Өтінішке динамикалық сәйкестендіру кодын енгізуі арқылы білдіріледі.	Присоединение Клиента к Договору осуществляется на основании согласия Клиента, выраженного путем подписания Клиентом Заявления о присоединении к Договору, по форме Приложения № 1 к Договору и являющейся неотъемлемой частью Договора (далее – «Заявление»), в операционном отделении или филиале Банка либо путем проставления кода динамической идентификации в Заявлении, в случае подачи Заявления через систему дистанционного банковского обслуживания (далее - Интернет банкинг для физических лиц).
Өтінішке қол қою/динамикалық сәйкестендіру кодын енгізу арқылы Шартқа қосылған Клиент Шартта белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді тұтастай қабылдайды. Тараптар Өтініш Банктің операциялық бөлімшелері немесе филиалдары арқылы берілген кезде, Клиенттің Өтінішіне қойылатын Банктің тиісті белгісінде (мөртабан және Банктің уәкілетті тұлғасының қолы) көрсетілген күн Шарт жасалған күн болып табылатынын белгіледі. Клиент Өтінішті Жеке тұлғаларға арналған интернет-банкинг арқылы берген кезде, Клиенттің Өтінішке динамикалық сәйкестендіру кодын енгізген күні Шарт жасалған күн болып табылады.	Клиент, присоединившийся к Договору путем подписания Заявления/путем проставления кода динамической идентификации принимает все установленные Договором условия и обязательства в целом. Стороны определили, что при подаче Заявления через операционные подразделения либо филиалы Банка датой заключения Договора будет являться дата, указанная в соответствующей отметке Банка (штамп и подпись уполномоченного лица Банка) проставляемой в Заявлении Клиента, при подаче Клиентом Заявления посредством Интернет-банкинга для физических лиц датой заключения Договора будет являтся дата проставления Клиентом кода динамической идентификации в Заявлении.
Банктің операциялық бөлімшелері арқылы берілетін Өтінішке Клиент екі (2) бірдей данада қол қояды; бір данасы Банкте қалады, ал Банктің қабылданғаны туралы белгісі бар екінші данасы Клиентке беріледі және Шарттың жасалғанын растайтын құжат болып табылады. Шартқа қосымшалардың (бар болған жағдайда), сондай-ақ Шарт шеңберінде Клиенттен немесе қосымша төлем картасының ұстаушысынан Банк қабылдаған өтініштер мен сұрау салулардың мәтінінде өзгеше көзделмесе, олардың барлығы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.	Поданное через операционные подразделения Банка Заявление подписывается Клиентом в 2 (двух) идентичных экземплярах, один остается в Банке, а второй экземпляр с отметкой Банка о его принятии передается Клиенту и является документом, подтверждающим факт заключения Договора. Все приложения к Договору (при их наличии), Заявления, заявки, принятые Банком от Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки в рамках Договора, являются неотъемлемой частью Договора, если иное не оговорено в тексте самого приложения, Заявления, заявки.
Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар болып табылатын Клиенттермен Шарт жасасу «Қазақстан	Заключение Договора с Клиентами, являющимися лицами, связанными с Банком особыми отношениями, осуществляется в

Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына сәйкес жүзеге асырылады.	соответствии со статьей 50 Законом Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан».
Шартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар, егер Шарт мәтінінде тікелей өзге мағына белгіленбесе, оның ажырамас бөлігі болып табылатын «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ төлем карточкаларын пайдалану қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) және Қазақстан Республикасының заңнамасында пайдаланылатын терминдер мен анықтамаларға сәйкес келеді.	Термины и определения, используемые в Договоре, соответствуют терминам и определениям, используемым в Правилах пользования платежными карточками Банка ДО АО Банк ВТБ (Казахстан), являющихся неотъемлемой частью Договора (далее – Правила), законодательства Республики Казахстан, если иное значение не установлено непосредственно в тексте Договора.
Банк «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның (бұдан әрі – Қор) қатысушысы болып табылады. Банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда, Клиенттің банк шоттарындағы және банктік шот шарттарымен расталған жеке тұлғалардың теңгедегі және шетел валютасындағы депозиттерін қайтару жөніндегі Банктің міндеттемелері депозиттерге міндетті кепілдік беру объектілері болып табылады. Олар бойынша Қор «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Депозиттерге кепілдік беру туралы заң) көзделген мөлшерде және тәртіппен кепілдік берілген өтемді төлейді. Шарт жасасу кезінде Банк Клиентті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатыны туралы, Депозиттерге кепілдік беру туралы заңда көзделген кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы, оның ішінде Қордың кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасын Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да ашылған, ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған Клиенттің жеке зейнетақы шотына аударуы туралы хабардар ету мақсатында Интернет желісіндегі Банктің www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша ресми сайтында (Салымдарға кепілдік беру (vtb-bank.kz)) Қордың уәкілетті органы бекіткен нысан	Банк является участником АО «Казахстанский фонд гарантирования депозитов» (далее – Фонд). В случае лишения Банка лицензии на проведение всех банковских операций обязательства Банка по возврату депозита физических лиц в тенге и иностранной валюте, находящихся на банковских счетах Клиента и удостоверенных договорами банковского счета являются объектами обязательного гарантирования депозитов по которым Фондом осуществляется выплата гарантийного возмещения в размере и порядке, предусмотренном Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан» (далее - Закон о гарантировании депозитов). При заключении Договора Банк в целях уведомления Клиента об участии в системе обязательного гарантирования депозитов, о сроках и порядке выплаты гарантийного возмещения, предусмотренных Законом о гарантировании депозитов, в том числе о перечислении Фондом невостребованной суммы гарантированного возмещения на индивидуальный пенсионный счет Клиента для учета добровольных пенсионных взносов, открытый в АО «Единый накопительный пенсионный фонд» в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан о социальной защите, размещает в сети Интернет на официальном сайте Банка по адресу: www.vtb-bank.kz (Гарантирование вкладов (vtb-bank.kz)) Уведомление депозитора[1], по форме,

[1] Депозитор-Банкпен банктік шот шартын жасасқан жеке тұлға / Депозитор – физическое лицо, заключившее с Банком договор банковского счета.

бойынша Депозиторға хабарламаны[1] орналастырады.	утвержденной уполномоченным органом Фонда.
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	**1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**
1.1. Шарт талаптарына сәйкес Банк Клиентке Өтініште Банк көрсететін жеке сәйкестендіру кодын бере отырып ағымдағы шот ашады, оны жүргізеді (оған қызмет көрсетеді) және жабады, Клиенттің атына тиісті ағымдағы шотқа (бұдан әрі – Төлем карточкасының ағымдағы шоты) дебеттік төлем карточкасын (бұдан әрі – Төлем карточкасы) шығарады және береді, Төлем карточкасына (карточкаларына), Төлем карточкасының ағымдағы шотына қызмет көрсетеді және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қағидаларға, Шартқа, Банктің ішкі құжаттарына және Клиентпен жасалған жекелеген шарттарға (келісімдерге) сәйкес өзге де қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) көрсетеді. Төлем карточкасын шығару және оның ағымдағы шотын ашу Банк Клиент Өтініште көрсеткен түрдегі (типтегі) Төлем карточкасын шығару және көрсетілген валютада Төлем карточкасының ағымдағы шотын ашу мүмкіндігі туралы оң шешім қабылдаған жағдайда жүзеге асырылады. Төлем карточкасын алған күннен бастап Клиент Төлем карточкасын ұстаушы болып табылады; виртуалды төлем карточкасын немесе оның деректемелері туралы ақпаратты алған күннен бастап Клиент Виртуалды төлем карточкасын ұстаушы болып табылады.	1.1. В соответствии с условиями Договора Банк открывает Клиенту текущий счет с присвоением ему индивидуального идентификационного кода, указываемого Банком в Заявлении, осуществляет ведение (обслуживание), закрытие текущего счета, выпускает и предоставляет дебетную платежную карточку (далее – Платежная карточка), выпущенную к соответствующему текущему счету (далее – «Текущий счет Платежной карточки») на имя Клиента, оказывает услуги по обслуживанию Платежной карточки (-чек), Текущего счета Платежной карточки и/или иные виды услуг в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, Правилами, Договором, внутренними документами Банка, отдельными договорами (соглашениями), заключенными с Клиентом (далее – Услуги). Выпуск Платежной карточки и открытие Текущего счета Платежной карточки осуществляется в случае принятия Банком положительного решения о возможности открытия Текущего счета Платежной карточки, выпуска Платежной карточки, указанного Клиентом в Заявлении вида (типа) Платежной карточки и валюты Текущего счета Платежной карточки. Со дня получения Платежной карточки Клиент является Держателем платежной карточки, при этом со дня получения виртуальной платежной карточки либо информации о ее реквизитах Клиент является Держателем виртуальной платежной карточки.
1.2. Клиенттің Өтініш беруі Банк үшін Төлем карточкасын шығару және Төлем карточкасының ағымдағы шотын ашу міндетінің автоматты түрде туындауын білдірмейді. Банк Өтініш бойынша шешімді өзінің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес қабылдайды.	1.2. Подача Клиентом Заявления не означает автоматического возникновения для Банка обязанности по выпуску Платежной карточки и открытию Текущего счета Платежной карточки. Решение по Заявлению принимается Банком самостоятельно в соответствии с внутренними документами Банка и законодательством Республики Казахстан.
1.3. Клиенттің Шартқа қосылуы үшін қажетті құжаттар/мәліметтер тізбесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы	1.3. Перечень документов/сведений, необходимых Клиенту для присоединения к Договору, определяется требованиями действующего законодательства Республики

заңнамасының талаптарымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен айқындалады	Казахстан и/или внутренними документами Банка.
1.4. Клиент Төлем карточкасының ағымдағы шотын/Төлем карточкасын (карточкаларын) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға, Шарт талаптарына және негізгі төлем карточкасын пайдалану кезінде Клиенттің мәртебесіне қарай қолданылатын Банк Тарифтеріне сәйкес пайдалануға міндеттенеді: Банктің/жұмыс беруші ұйымның қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғалар үшін; Банк қызметкерлері үшін (Клиент пен Банк арасында қолданыстағы еңбек шарты болғанда); Жалақы жобасы шеңберінде жұмыс беруші ұйымның қызметкерлері үшін (Клиент пен жұмыс беруші ұйым арасында қолданыстағы еңбек шарты болғанда). Банк Шарттың 2.3-тармағына сәйкес қосымша төлем карточкасын (карточкаларын) бергенде, оны (оларды) ұстаушылар негізгі төлем карточкасының Клиентіне/ұстаушысына қолданылатын Банк Тарифтеріне қарамастан, Банктің/жұмыс беруші ұйымның қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғаларға арналған Банк Тарифтеріне сәйкес пайдаланады.	1.4. Клиент обязуется пользоваться Текущим счетом Платежной карточки/Платежной (-ыми) карточкой (-ами) в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Правилами, условиями Договора и Тарифами Банка, применяемыми в зависимости от статуса Клиента, при использовании им основной платежной карточки - для физических лиц, не являющихся работниками Банка/организации-работодателя; для работников Банка (при наличии действующего трудового договора между Клиентом и Банком); для работников организации-работодателя в рамках Зарплатного проекта (при наличии действующего трудового договора между Клиентом и организацией-работодателем). При выдаче Банком согласно п. 2.3. Договора дополнительной (-ых) платежной (-ых) карточки (-ек), ее/их использование Держателями осуществляется в соответствии с Тарифами Банка, применяемыми для физических лиц, не являющихся работниками Банка/организации-работодателя, независимо от Тарифов Банка, применяемых к Клиенту, являющемуся Клиентом/Держателем основной платежной карточки.
1.5. Өтінішке қол қою (оның ішінде жеке тұлғаларға арналған Интернет-банкинг арқылы Төлем карточкасының Ағымдағы шотын ашу кезінде динамикалық сәйкестендіру кодын енгізу) және оны Банкке ұсыну арқылы Клиент Банктің Тарифтерімен, Шарттың, Шартқа берілетін Өтініштің талаптарымен және мазмұнымен, Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатыны туралы, Депозиттерге кепілдік беру туралы заңда көзделген кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы, оның ішінде Қордың Клиент талап етпеген өтем сомасын Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ашылған, ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған оның жеке зейнетақы шотына аударуы туралы Клиентті хабардар ету/ақпараттандыру тәсілімен танысқанын және келісетінін растайды. Клиент Интернет желісіндегі Банктің www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша	1.5. Подписанием (в том числе, проставлением кода динамической идентификации, при открытии Текущего счета Платежной карточки через Интернет – Банкинг для физических лиц) и представлением в Банк Заявления, Клиент подтверждает, что ознакомлен и согласен с Тарифами Банка, условиями и содержанием Договора, Заявления к Договору, со способом уведомления/информирования Клиента об участии Банка в системе обязательного гарантирования депозитов, о сроках и порядке выплаты гарантийного возмещения, предусмотренных Законом о гарантировании депозитов, в том числе о перечислении Фондом невостребованной Клиентом суммы возмещения на его индивидуальный пенсионный счет для учета добровольных пенсионных взносов, открытый в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан о социальной защите. Клиент подтверждает, что ознакомлен и согласен с Уведомлением депозитора,

сайтында (Салымдарға кепілдік беру (vtb-bank.kz)) орналастырылған Депозиторға хабарламамен танысқанын және келісетінін, осы Шарт шеңберінде ресімделетін Өтінішке/тиісті өтінішке қол қойғанға дейін (жеке тұлғаларға арналған Интернет-банкинг арқылы динамикалық сәйкестендіру кодын енгізу) онымен танысқанын және келісетінін растайды. Банктің Тарифтері, Шарттың, жоғарыда көрсетілген Хабарламаның талаптары мен мазмұны Клиентке түсінікті әрі айқын, Клиент оларды сақтауға міндеттенеді. Өтінішке/тиісті өтінішке қол қою арқылы Шартқа қосыла отырып, Клиент оның талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзған жағдайда Шарт бойынша туындауы мүмкін салдарлар, жауапкершілік пен тәуекелдер туралы хабардар екенін растайды.	размещенным в сети Интернет на сайте Банка по адресу: ww.vtb-bank.kz (Гарантирование вкладов (vtb-bank.kz)), ознакомлен и согласен, до подписания (Проставление кода динамической идентификации через Интернет – Банкинг для физических лиц) Заявления/соответствующего заявления, оформляемого в рамках настоящего Договора. Клиенту Тарифы Банка, условия и содержание Договора, указанного выше Уведомления понятны и ясны, Клиент обязуется их соблюдать. Присоединением к Договору путем подписания Заявления/соответствующего заявления, Клиент осведомлен о последствиях, ответственности, рисках, которые могут наступить по Договору в случае нарушения его условий и/или действующего законодательства Республики Казахстан.
1.6. Шарт стандартты нысан болып табылады және Клиент тарапынан өзгертуге және (немесе) толықтыруға жатпайды. Банк Шартты онда айқындалған тәртіппен біржақты қайта қарауға/өзгертуге/толықтыруға/жаңа редакцияда жазуға құқылы. Клиент өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен/Шарттың жаңа редакциясымен келіспеген жағдайда, Шартты бұзу туралы өтініш (бұдан әрі – Шартты бұзу туралы өтініш) беру арқылы Банкке жазбаша хабарлап, Шартты бұзғаны үшін қосымша комиссия төлемей, Шартты бұзуға құқылы. Егер өзгерістер/толықтырулар және (немесе) Шарттың жаңа редакциясы күшіне енгенге дейін Банк Шартты бұзу туралы өтінішті алмаса, Банк бұл мән-жайды Клиенттің Шарттың өзгертілген талаптарымен/Шарттың жаңа редакцияда жазылуымен толық көлемде келісім білдіруі деп есептейді. Банк енгізілген өзгерістер/толықтырулар/Шарттың жаңа редакцияда жазылуы туралы ақпаратты Банк бөлімшелерінде және Интернет желісіндегі Банктің www.vtb-bank.kz ресми сайтында осындай өзгерістер/толықтырулар, оның ішінде Шарттың жаңа редакциясы күшіне енетін күнге дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын орналастыру арқылы Клиентті хабардар етеді.	1.6. Договор является стандартной формой и не подлежит изменению и (или) дополнению со стороны Клиента. Договор может быть пересмотрен/изменен/дополнен/изложен в новой редакции Банком в одностороннем порядке, определенном Договором. При этом в случае несогласия Клиента с изменениями и (или) дополнениями/с новой редакцией Договора Клиент имеет право расторгнуть Договор без уплаты дополнительной комиссии за расторжение Договора, письменно уведомив об этом Банк путем подачи заявления о расторжении Договора (далее – Заявление о расторжении Договора). В случае если до вступления в силу изменений/ дополнений и (или) новой редакции Договора, Банк не получит Заявление о расторжении Договора, Банк данное обстоятельство считает выражением согласия Клиента с измененными условиями Договора/с изложением Договора в новой редакции в полном объеме. О внесенных изменениях/дополнениях/изложении Договора в новой редакции Банк информирует Клиента путем размещения информации в подразделениях Банка и в сети Интернет на официальном сайте Банка по адресу: www.vtb-bank.kz не позднее, чем за 15 (пятнадцать) календарных дней до даты вступления таких изменений/дополнений, включая изложение в новой редакции Договора, в силу.

1.7. Клиент Банк Қызметтерін Банк Тарифтеріне сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртіппен, қолма-қол ақшамен, Банктің өкімдері және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген басқа құжаттар негізінде Төлем карточкасының ағымдағы шотын/Клиенттің Банкте ашылған өзге банк шоттарын тікелей дебеттеу арқылы төлейді. Банк біржақты тәртіппен Төлем карточкаларына қызмет көрсету комиссияларының мөлшерін, төлем қызметтеріне жатпайтын қызметтер (операциялар) бойынша Банк Тарифтері/комиссияларының мөлшерін, көрсетілетін төлем қызметтері бойынша Банк Тарифтерін азайту жағына қарай өзгертуге, сондай-ақ қызмет көрсету шеңберінде жаңа банктік қызметтер және (немесе) операциялар үшін сыйақының, комиссиялардың және тарифтердің жаңа мөлшерлерін / мөлшерлемелерін белгілеуге (енгізуге) құқылы. Банк Клиентке: – Төлем карточкаларына қызмет көрсету комиссияларындағы өзгерістер күшіне енетін күнге дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын; – көрсетілетін төлем қызметтері бойынша Тарифтерді/комиссияларды азайту жағына қарай өзгерту, төлем қызметтеріне жатпайтын қызметтер бойынша өзгерістер күшіне енетін күнге дейін, сондай-ақ жаңа банктік қызметтер және (немесе) операциялар үшін сыйақының, комиссиялардың және тарифтердің жаңа мөлшерлерін/мөлшерлемелерін белгілеуге (енгізуге) дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабарлайды. Тараптар төлемдер және (немесе) аударымдар бойынша Тарифтерді/комиссияларды ұлғайту, сондай-ақ өзге төлем қызметтері бойынша Тарифтерді/комиссияларды ұлғайту туралы келісімге қол жеткізу Банктің операциялық бөлімшесінде және www.vtb-bank.kz интернет-ресурсында (ресми сайтында) ақпарат орналастыру арқылы Клиентті хабардар ету жолымен жүзеге асырылатынына келісті^ – төлемдер және (немесе) аударымдар бойынша Тарифтердегі/комиссиялардағы өзгерістер күшіне енетін күнге дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын;	1.7. Оплата Услуг Банка производится Клиентом согласно Тарифам Банка в безналичном порядке, наличными деньгами, путем прямого дебетования Текущего счета Платежной карточки/иных банковских счетов Клиента, открытых в Банке, на основании распоряжений Банка и/или других документов, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка. Банк вправе в одностороннем порядке изменять размеры комиссий обслуживания Платежных карточек, размеры Тарифов/комиссий Банка по услугам (операциям), не относящимся к платежным услугам, размеры Тарифов Банка по оказываемым платежным услугам в сторону их уменьшения, а также устанавливать (вводить) в рамках обслуживания новый (- ые/-ую) размер (-ы) / ставки (ставку) вознаграждения, комиссии (-ий) и тарифа (-ов) за оказание новых банковских услуг и (или) операций, Банк уведомляет Клиента: – не позднее чем за 15 (пятнадцать) календарных дня до даты вступления в силу изменений в комиссии обслуживания Платежных карточек; – не менее чем за 3 (три) рабочих дня до даты вступления в силу изменений в Тарифы / комиссии по оказываемым платежным услугам в сторону их уменьшения, а также по услугам, не относящимся к платежным услугам, до установления (введения) в рамках обслуживания нового (- ых, -ой) размера (-ов) / ставок (ставки) вознаграждения, комиссий (-ии) и тарифа (-ов) за оказание новых банковских услуг и (или) операций. Стороны договорились, что достижение соглашения об изменении Тарифов/комиссий по платежам и (или) переводам в сторону их увеличения, а также об изменении в Тарифы/комиссии по иным платежным услугам в сторону их увеличения, осуществляется Банком посредством уведомления Клиента путем размещения информации в операционном подразделении Банка, в сети Интернет на интернет-ресурсе (официальном сайте) Банка: www.vtb-bank.kz: – не менее чем, за 3 (три) месяца до даты вступления в силу изменений в

– өзге төлем қызметтері бойынша Тарифтердегі/комиссиялардағы өзгерістер күшіне енетін күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын. Клиент қол қойған, Банк ұлғайту жағына қарай өзгерткен төлемдер және (немесе) аударымдар бойынша Тарифтерден/комиссиялардан жазбаша бас тартуды не өзге төлем қызметтері бойынша (төлемдер және (немесе) аударымдарды қоспағанда) Тарифтерден/комиссиялардан жазбаша бас тартуды алмаса, бұл Клиенттің Тарифтердің/комиссиялардың өзгертілген мөлшерімен (мөлшерлерімен) келісетінін білдіретініне және Ағымдағы шотты өзгертілген талаптармен пайдалануға/жүргізуге оның ерік білдіруінің жеткілікті растауы болып табылатынына келіседі. Клиенттің мұндай келісімі толық және сөзсіз деп танылады. Бұл ретте Шартқа қосымша келісім жасалмайды, Клиент келісімінің өзге жазбаша растауы талап етілмейді. Шарттың осы тармағында жоғарыда көрсетілген Тарифтерді/комиссияларды өзгерту және (немесе) Банктің жаңа қызметтер көрсетуі және (немесе) операциялар жүргізуі үшін мөлшерлемелердің, сыйақылардың, комиссиялардың, тарифтердің жаңа мөлшерлерін белгілеу/қолданысқа енгізу туралы хабарламалар Банктің операциялық бөлімшесінде/филиалында көруге және танысуға қолжетімді жерде, сондай-ақ Интернет желісіндегі Банктің www.vtb-bank.kz интернет-ресурсында (ресми сайтында) орналастырылған кезде, Банк оларды тиісінше ресімдеген, олар жеткілікті және Клиент оларды алған деп есептеледі. Клиент келісімінің өзге жазбаша растауы талап етілмейді. Банк Клиенттің аталған Тарифтердің/мөлшерлемелердің/комиссиялардың өзгертілгені/белгіленгені (енгізілгені) туралы хабарсыз болғаны үшін жауап бермейді. Тарифтер туралы ақпарат Банктің www.vtb-bank.kz интернет-ресурсында (ресми сайтында) өзекті күйде орналастырылады.	Тарифы/комиссии по платежам и (или) переводам; – не менее чем за 3 (три) рабочих дней до даты вступления в силу изменений в Тарифы/комиссии по иным платежным услугам. Клиент согласен, что не получение Банком, подписанного Клиентом, письменного отказа от измененных Банком в сторону увеличения Тарифов/комиссий по платежам и (или) переводам либо письменного отказа от измененных Банком в сторону увеличения Тарифов/комиссий по иным платежным услугам (за исключением платежей и (или) переводов), до конца последнего рабочего дня, предшествующего рабочему дню, в который вступают в силу соответствующие изменения в сторону увеличения Тарифов/комиссий по платежам и (или) переводам либо изменения в сторону увеличения Тарифов/комиссий по иным платежным услугам, установленных на дату заключения Договора, свидетельствует о согласии Клиента с измененным (-ыми) размером (-ами) Тарифов/комиссий, и является достаточным подтверждением его волеизъявления на использование/ведение Текущего счета на измененных условиях. Такое согласие Клиента, признается полным и безоговорочным. При этом дополнительное соглашение к Договору не заключается, иное письменное подтверждение согласия Клиента не требуется. Вышеуказанные в настоящем пункте Договора уведомления об изменении Тарифов/комиссий и (или) об установлении / введения в действие новых размеров ставок, вознаграждений, комиссий, тарифов за оказание Банком новых услуг и (или) операций, считаются оформленными Банком надлежащим образом, достаточными и получены Клиентом, когда такие уведомления размещены в операционном подразделении/филиале Банка в месте, доступном для обозрения и ознакомления, в сети Интернет на интернет-ресурсе (официальном сайте) Банка: www.vtb-bank.kz. Иное письменное подтверждение согласия Клиента не требуется. Банк не несет ответственность за неосведомленность Клиента об изменении / установлении (введении) указанных Тарифов / ставок / комиссий. Информация о Тарифах

	размещается в актуальном режиме на интернет-ресурсе (официальном сайте) Банка: www.vtb-bank.kz.
1.8. Жеке тұлғаларға арналған интернет-банкинг арқылы Төлем карточкасының ағымдағы шоты/Төлем карточкасы бойынша операциялар жүргізу қағидалары Банктің www.vtb-bank.kz интернет-сайтында орналастырылған Электрондық банктік қызметтерді ұсыну талаптарында белгіленген. Клиент оларға аталған Талаптарда айқындалған тәртіппен және талаптарда қосылады.	1.8. Правила совершения операций по Текущему счету Платежной карточки/ Платежной карточке посредством Интернет-банкинга для физических лиц определены Условиями предоставления электронных банковских услуг, размещенными в сети Интернет на сайте Банка по адресу: www.vtb-bank.kz, присоединение к которым осуществляется Клиентом в порядке и на условиях, определенных указанными Условиями.
1.9. Клиент/Қосымша төлем карточкасының ұстаушысы Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша кәсіпкерлік қызметті, нотариаттық немесе адвокаттық қызметті, жеке сот орындаушысының қызметін, дауларды медиация тәртібімен реттеу жөніндегі қызметті, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимі шеңберіндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты не заңсыз мақсаттарда, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен (соның ішінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасымен) тыйым салынған тауарларға, жұмыстарға және/немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты операцияларды жүргізбеуге міндеттенеді.	1.9. Клиент/Держатель дополнительной платежной карточки обязуется не проводить по Текущему счету Платежной карточки операции, связанные с осуществлением предпринимательской деятельности, нотариальной или адвокатской деятельности, деятельности частного судебного исполнителя, деятельности по урегулированию споров в порядке медиации, а также деятельности в рамках специального налогового режима для самозанятых, либо незаконными целями, включая оплату товаров, работ и/или услуг, запрещенных законодательством Республики Казахстан (в том числе валютным законодательством Республики Казахстан).
1.9-1. 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға төлем карталарын шығаруды Банк олардың заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен Банктің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.	1.9-1. Выпуск Платежных карточек для несовершеннолетних лиц в возрасте от 14 до 18 лет осуществляется Банком с письменного согласия их законных представителей в порядке установленном внутренними документами Банка и законодательством Республики Казахстан.
1.10. Карточкалық және өзге операциялар жүргізу және/немесе Қызметтер көрсету Клиентті сәйкестендіру мен аутентификациялау нәтижесі оң болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.	1.10. Осуществление Карточных операций, иных операций и/или предоставление Услуг осуществляется только в случае положительной идентификации и аутентификации Клиента.
1.11. Шарт шеңберінде Карточкалық және өзге операциялар жүргізу және/немесе Қызметтер көрсету кезінде Банк Клиентті/Қосымша төлем карточкасын ұстаушыны былай сәйкестендіреді:	1.11. При осуществлении Карточных операций, иных операций и/или предоставлении Услуг в рамках Договора идентификация Клиента/ /Держателя дополнительной платежной карточки Банком осуществляется:

1) Банктің бөлімшелері/филиалдары арқылы операциялар жүргізілгенде: – Клиент ұсынған Төлем карточкасы/Қосымша төлем карточкасын ұстаушы ұсынған қосымша төлем карточкасы және тиісінше Клиенттің/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының жеке басын куәландыратын құжат негізінде; – виртуалды төлем карточкасын қоспағанда, Төлем карточкасына (магниттік жолаққа, микропроцессорға, алдыңғы бетіне) түсірілген ақпарат және жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері Банктің дерекқорындағы ақпаратқа сәйкес келсе, Клиент сәйкестендірілген болып есептеледі; – қосымша төлем карточкасына (магниттік жолаққа, микропроцессорға, алдыңғы бетіне) түсірілген ақпарат және жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері Банктің дерекқорындағы ақпаратқа сәйкес келсе, Қосымша төлем карточкасын ұстаушы сәйкестендірілген болып есептеледі; – Клиент өкілінің жеке басын куәландыратын құжат деректемелері Банктің дерекқорындағы және/немесе тиісті сенімхаттағы ақпаратқа сәйкес келсе, Клиенттің өкілі (уәкілетті тұлғасы) сәйкестендірілген болып есептеледі; – Клиенттің жеке басын куәландыратын құжат негізінде; – виртуалды төлем карточкасының деректемелері Банктің ақпараттық жүйесінде сақталатын, нөмірді, жарамдылық мерзімін және төлем жүйесінің атауын қамтитын ақпаратқа, ал жеке басын куәландыратын құжат деректемелері Банктің дерекқорындағы ақпаратқа сәйкес келсе, Клиент виртуалды төлем карточкасы негізінде сәйкестендірілген болып есептеледі; 2) Өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары арқылы операциялар жүргізілгенде: – Клиент өзі ұсынған Төлем карточкасы негізінде сәйкестендіріледі. Виртуалды төлем карточкасын қоспағанда, Төлем карточкасының магниттік жолағына және/немесе микропроцессорына түсірілген ақпарат Банктің дерекқорындағы ақпаратқа сәйкес келсе, Клиент сәйкестендірілген болып есептеледі; – Қосымша төлем карточкасын ұстаушы өзі ұсынған қосымша төлем карточкасы негізінде сәйкестендіріледі. Оның магниттік жолағына	1)при проведении операций через подразделения/филиалы Банка: - на основании Платежной карточки, предъявленной Клиентом/ дополнительной платежной карточки предъявленной Держателем дополнительной платежной карточки, и на основании документа, удостоверяющего личность Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки соответственно; - Клиент считается идентифицированным в случае соответствия информации, нанесенной на Платежную карточку, за исключением виртуальной платежной карточки (магнитную полосу, микропроцессор, лицевую сторону Платежной карточки), и соответствия реквизитов документа, удостоверяющего личность, информации, содержащейся в базе данных Банка; -Держатель дополнительной платежной карточки считается идентифицированным в случае соответствия информации, нанесенной на дополнительную платежную карточку (магнитную полосу, микропроцессор, лицевую сторону дополнительной карточки), и соответствия реквизитов документа, удостоверяющего личность, информации, содержащейся в базе данных Банка; - представитель Клиента (уполномоченное лицо) считается идентифицированным при соответствии реквизитов документа, удостоверяющего личность представителя Клиента, информации, содержащейся в базе данных Банка и/или указанной в соответствующей доверенности; - на основании документа, удостоверяющего личность Клиента; - на основании виртуальной платежной карточки Клиент считается идентифицированным в случае соответствия реквизитов виртуальной платежной карточки – информации, хранящейся в информационной системе Банка, включающей номер, срок действия, наименование платежной системы, и соответствия реквизитов документа, удостоверяющего личность, информации, содержащейся в базе данных Банка; 2) при проведении операций через устройства самообслуживания: - Клиент - на основании Платежной карточки, предъявленной Клиентом. Клиент

және/немесе микропроцессорына түсірілген ақпарат Банктің дерекқорындағы ақпаратқа сәйкес келсе, ұстаушы сәйкестендірілген болып есептеледі; – виртуалды төлем карточкасы үшін – Клиент ұсынған виртуалды төлем карточкасының дұрыс ПИН-кодын енгізу негізінде. Дұрыс ПИН-кодты енгізу арқылы орындалған Карточкалық операцияларды Клиент даулауға құқылы емес; 3) Қашықтағы байланыс арналары (интернет желісі/Жеке тұлғаларға арналған интернет-банкинг) арқылы операциялар жүргізілгенде: – Төлем карточкасының дұрыс CVP (Card Verification Parametr) кодын енгізу негізінде. Дұрыс CVP, 3DS кодтарын енгізу арқылы орындалған Карточкалық операцияларды Клиент даулауға құқылы емес.	считается идентифицированным в случае соответствия информации, нанесенной на магнитную полосу и/или микропроцессор Платежной карточки, информации, содержащейся в базе данных Банка, за исключением виртуальной платежной карточки; - Держатель дополнительной платежной карточки - на основании дополнительной платежной карточки, предъявленной Держателем дополнительной платежной карточки. Держатель дополнительной платежной карточки считается идентифицированным в случае соответствия информации, нанесенной на магнитную полосу и/или микропроцессор дополнительной платежной карточки, информации, содержащейся в базе данных Банка; - для виртуальной платежной карточки - на основании ввода правильного Пин-кода виртуальной платежной карточки, предъявленной Клиентом; Исполненные Карточные операции, проведенные путем правильного ввода ПИН – кода, оспариванию Клиентом не подлежат; 3) при проведении операций посредством удаленных каналов связи (в сети Интернет/Интернет-банкинге для физических лиц): - на основании ввода правильного CVP (Card Verification Parametr) Платежной карточки. Исполненные Карточные операции, проведенные путем правильного ввода CVP, 3DS оспариванию Клиентом не подлежат.
1.12. Шарт шеңберінде Карточкалық және өзге операциялар жүргізу және/немесе Қызметтер көрсету кезінде Банк Клиентті/Қосымша төлем карточкасын ұстаушыны былай аутентификациялайды: 1) Банк бөлімшелері арқылы операция жүргізілгенде – Клиенттің/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының сәйкестендіргіші және өз қолымен қойған қолтаңбасының баламасы болып табылатын дұрыс ПИН-кодты енгізу негізінде. Банк пен Клиент оны, оның ішінде банкоматтар мен құрылғылар арқылы Қызметтерге қосылғанда, Клиенттің/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының өз қолымен қол қойылған тапсырмаларының өзге нысандарымен бірдей заңдық күші бар деп таниды (бұдан әрі – ПИН-код). Сонымен бірге	1.12. При осуществлении Карточных операций, иных операций и/или предоставлении Услуг в рамках Договора аутентификация Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки Банком осуществляется: 1) при проведении операции через подразделения Банка - на основании ввода правильного ПИН-кода являющегося идентификатором и аналогом собственноручной подписи Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки, и признается Банком и Клиентом, имеющим равную юридическую силу с другими формами поручений Клиентом/Держателя дополнительной платежной карточки, подписанными собственноручно, в том числе при

Клиенттің/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының жеке басын куәландыратын құжаты және Төлем карточкасы үшін оның артқы бетіндегі қолтаңбасы негізінде; 2) өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары арқылы операция жүргізілгенде – дұрыс ПИН-кодты енгізу негізінде; 3) қашықтағы байланыс арналары (интернет желісі/Жеке тұлғаларға арналған интернет-банкинг) арқылы операциялар жүргізілгенде; - Төлем карточкасының дұрыс 3DS/CVP (Card Verification Parametr) кодын енгізу негізінде.	подключении к Услугам через банкоматы и устройства (далее – ПИН-код), и документа, удостоверяющего личность Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки, и подписи на обратной стороне - для Платежной карточки; 2) при проведении операции через устройства самообслуживания - на основании ввода правильного ПИН-кода; 3) при проведении операций посредством удаленных каналов связи (в сети Интернет/Интернет-банкинге для физических лиц): - на основании ввода правильного 3DS/CVP (Card Verification Parametr) Платежной карточки.
1.13. Клиент Шарт шеңберінде Карточкалық және өзге операцияларды жүргізу кезінде қолданылатын сәйкестендіру және аутентификациялау әдістерінің жеткілікті екенін және Банктің бастамашылық жасалған Карточкалық және өзге операцияларды жүргізу және/немесе Төлем карточкаларының ағымдағы шоттары туралы ақпарат беру құқықтарын тиісінше растайтынын мойындайды.	1.13. Клиент соглашается с тем, что применяемые при совершении Карточных и иных операций в рамках Договора методы идентификации и аутентификации являются достаточными и надлежащим образом подтверждают права Банка на проведение инициированных Карточных и иных операций и/или предоставление информации по Текущим счетам Платежных карт.
1.14. Клиент Шартта, оның ішінде Қағидаларда көзделген тәртіппен сәйкестендірілмеген және аутентификацияланбаған жағдайда, сондай-ақ Төлем карточкасы бойынша жұмсау лимитінің және/немесе оның ағымдағы шотындағы ақша қалдығының сомасы операцияны жүргізу және Банк Тарифтерінде және/немесе Шарт талаптарында көзделген комиссияларды/шығыстарды есептен шығару/төлеу үшін жеткіліксіз болғанда және/немесе Төлем карточкасының ағымдағы шоты/Төлем карточкасы бойынша Карточкалық және өзге операцияларға шектеулер болғанда, Банк Карточкалық және өзге операцияны жүргізуден немесе Төлем карточкасының ағымдағы шоты туралы ақпарат беруден бас тартуға құқылы.	1.14. Банк имеет право отказать в проведении Карточной и иной операции или предоставлении информации по Текущему счету Платежной карточки в случае, если Клиент не идентифицирован и не аутентифицирован в порядке, предусмотренном Договором, в том числе, Правилами, а также, если сумма расходного лимита по Платежной карточке и/или остатка денег, находящихся на Текущем счете Платежной карточки, недостаточна для проведения такой операции и списания/оплаты комиссий/расходов, предусмотренных Тарифами Банка и/или условиями Договора, и/или в случае наличия по Текущему счету Платежной карточки/Платежной карточке ограничения на проведение Карточных и иных операций.
1.15. Клиент Шартқа қосыла отырып:	1.15. Клиент, присоединяясь к Договору:
1.15.1. Қауіпсіздікті және қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету мақсатында Банкке Клиентке (оның уәкілетті тұлғаларына)/Қосымша төлем карточкасын ұстаушыға қосымша хабарламай, Банк үй-	1.15.1. предоставляет Банку право осуществлять аудио/видеозапись и/или видеонаблюдение в помещениях Банка, запись, хранение, электронных сообщений (при наличии таковых) без дополнительного

жайларында аудио/бейнежазба және/немесе бейнебақылау жүргізу, электрондық хабарларды (бар болса) жазып алу және сақтау құқығын береді. Сондай-ақ Клиентпен (оның уәкілетті тұлғасымен)/Қосымша төлем карточкасын ұстаушымен және Банк қызметкерлерімен әңгіме басында жазба жүргізілетіні туралы хабарлағаннан кейін телефон сөйлесулерін жазып алуға құқық береді. Клиент (оның уәкілетті тұлғасы)/Қосымша төлем карточкасын ұстаушы мұндай бейнежазбалар немесе телефон сөйлесулерінің/электрондық хабарлардың жазбалары мен сақталған нұсқалары дауларды сотта қарау кезінде дәлелдеме ретінде, сондай-ақ Банк пен Клиент/Қосымша төлем карточкасын ұстаушы арасындағы кез келген келіспеушіліктерді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін екеніне келісім білдіреді;	уведомления Клиента (его уполномоченных лиц)/Держателя дополнительной платежной карточки, а также запись телефонных переговоров после уведомления о производимой записи в начале разговора между Клиентом (его уполномоченным лицом)/Держателем дополнительной платежной карточки и работниками Банка в целях обеспечения безопасности и надлежащего качества обслуживания. Клиент (его уполномоченное лицо)/Держатель дополнительной платежной карточки выражает свое согласие с тем, что такие видеозаписи или записи, хранение, телефонных переговоров/электронных сообщений могут быть использованы в качестве доказательств в ходе судебного разбирательства споров, а также для разрешений любых разногласий между Банком и Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки;
1.15.1-1. Банкке биометриялық сәйкестендіруді жүргізуге келісім береді. Мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілерімен интеграцияның болмауы, технологиялық құралдарды пайдаланып Клиентті сәйкестендірудің мүмкін болмауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге жағдайлар бұған жатпайды; мұндай жағдайларда Клиент Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен сәйкестендіріледі. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банк белгілеген тәртіпке сәйкес өзін және (немесе) өзінің өкілін (уәкілетті тұлғаларын) сәйкестендіруге келісім береді;	1.15.1-1. предоставляет Банку согласие осуществлять биометрическую идентификацию, за исключением случаев отсутствия интеграции с объектами информатизации государственных органов и (или) государственных юридических лиц, невозможности идентификации Клиента с использованием технологических средств, а также в иных случаях, предусмотренных законами Республики Казахстан, при которых идентификация Клиента осуществляется в порядке, предусмотренном внутренними документами Банка, / идентификацию Клиента и (или) его представителя (уполномоченных лиц) в соответствии с законодательством Республики Казахстан и порядком, установленным Банком;
1.15.2. Банкке Шарт және/немесе Банк пен Клиент арасында жасалған өзге шарт бойынша Клиент төлеуге тиіс кез келген берешек сомаларын, оның ішінде Төлем карточкасына жылдық қызмет көрсету комиссияларын, тұрақсыздық айыбы (өсімпұлдар, айыппұлдар), шығыстар мен шығындар сомаларын, бірақ олармен шектелмей, сондай-ақ Төлем карточкасының ағымдағы шотына қате есепке жатқызылған сомаларды даусыз тәртіппен (Клиентке алдын ала хабарламай және оның қосымша келісімін алмай) алып қоюға (есептен шығаруға) сөзсіз әрі кері қайтарып	1.15.2. предоставляет Банку безусловное, безотзывное согласие и право изымать (списывать) в бесспорном порядке (без получения предварительного уведомления и дополнительного согласия Клиента) любые суммы задолженности, подлежащие оплате Клиентом по Договору и/или иному договору, заключенному между Банком и Клиентом, включая, но не ограничиваясь, комиссии за годовое обслуживание Платежной карточки, суммы неустоек (пени, штрафы), расходов и издержек, а также суммы, ошибочно зачисленной на Текущий счет Платежной

алынбайтын келісімін және құқығын береді. Мұндай алып қою (есептен шығару) акцептсіз тәртіппен және/немесе Клиенттің Банкте ашылған тиісті банк шотын тікелей дебеттеу арқылы не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің басқа банктерде ашылған банк шоттарына Банктің төлем талаптарын қоюы арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банк пен Клиент арасында жасалған тиісті шарттарда (келісімдерде) белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Банктің заңды иелігіндегі/пайдалануындағы Клиент мүлкін ұстап қалуға келісімін және құқығын береді. Қажет болған жағдайда есептен шығарылған (алып қойылған) ақша Банктің таңдауы бойынша айырбастау сәтінде Банк белгілеген, алып қойылған валютаны немесе Клиенттің тиісті банк шотының валютасын сатып алу не сату бағамымен айырбасталады. Шарттың осы ережесінде көзделгендер Клиенттің Банкте ашылған тиісті банк шотын тікелей дебеттеу арқылы осы ережеде көрсетілген тиісті ақша сомаларын Банктің өз пайдасына алып қоюына Клиенттің келісімі болып табылады. Бұл ретте Клиенттің Банкте ашылған банк шотын тікелей дебеттеу арқылы Банктің аталған ақшаны алып қоюын жүзеге асыруына жеткілікті негіз және құжат Шарт болып табылады;	карточки, в безакцептном порядке и/или путем прямого дебетования соответствующего банковского счета Клиента, открытого в Банке, либо путем выставления Банком платежных требований в соответствии с законодательством Республики Казахстан к банковским счетам Клиента, открытым в других банках, а также на удержание имущества Клиента, находящегося в законном владении/пользовании Банка, в порядке и сроки, установленные законодательством Республики Казахстан, и/или соответствующими заключенными между Банком и Клиентом договорами (соглашениями), при необходимости производя конвертацию списанных (изъятых) денег по выбору Банка – по установленному Банком курсу покупки или продажи изъятой валюты или валюты соответствующего банковского счета Клиента на момент совершения конвертации. Указанное в настоящем положении Договора является согласием Клиента на изъятие Банком соответствующих сумм денег, указанных в настоящем положении Договора, с соответствующего банковского счета Клиента, открытого в Банке, в пользу Банка путем прямого дебетования соответствующего банковского счета. При этом основанием и документом, достаточным для осуществления Банком указанного изъятия денег с банковского счета Клиента, открытого в Банке, путем прямого дебетования банковского счета Клиента, является Договор;
4.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында және Шартта айқындалған тәртіппен және мерзімдерде Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша мынадай операцияларды жүргізу: • Клиент талаптар (нұсқаулар) қойған кезде оған тиесілі ақшаның болуын қамтамасыз етуге (Төлем карточкасының ағымдағы шотындағы қалдық шегінде); • Клиенттің пайдасына ақша қабылдауға (Төлем карточкасының ағымдағы шотына есепке жатқызуға); • Төлем карточкасының ағымдағы шотынан үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы Клиент өкімін орындауға;	4.1.2. Производить операции по Текущему счету Платежной карточки в порядке и сроки, определенные законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Банка и Договором, связанные с: • обеспечением наличия денег, принадлежащих Клиенту (в пределах остатка денег на Текущем счете Платежной карточки), при предъявлении последним требований (указаний); • принятием (зачислением на Текущий счет Платежной карточки) сумм денег в пользу Клиента; • выполнением распоряжения Клиента о переводе денег с Текущего счета Платежной карточки в пользу третьих лиц;

• Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Төлем карточкасының ағымдағы шотынан Клиент ақшасын алып қою туралы үшінші тұлғалардың өкімдерін орындауға; • Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген кассалық құжаттар бойынша осы Шартта немесе бөлек шартта/келісімде көзделген тәртіппен Клиенттен қолма-қол ақша қабылдауға және оған қолма-қол ақша беруге; • Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында және/немесе Шартта көзделген өзге операцияларды жүргізуге.	• исполнением распоряжения третьих лиц об изъятии с Текущего счета Платежной карточки денег Клиента по основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан и (или) Договором; • приемом от Клиента и выдачей Клиенту наличных денег по кассовым документам, оформленным в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан в порядке, предусмотренном настоящим Договором или отдельным договором/соглашением; • осуществлять иные операции, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Банка и/или Договором.
4.1.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Клиент Банк Тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төлеген жағдайда, Клиенттің және/немесе оның уәкілетті тұлғасының талабы бойынша Төлем карточкасының ағымдағы шотындағы ақша сомасы және тиісті банк шоты бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпарат беру.	4.1.3. Представлять по требованию Клиента и/или уполномоченного им лица, информацию о сумме денег, находящихся на Текущем счете Платежной карточки, и произведенных операциях по соответствующему банковскому счету, с оплатой Клиентом комиссионного вознаграждения согласно действующим Тарифам Банка, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан.
4.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, ақпараттың құпиялылығын, Клиенттің (уәкілетті тұлғаның)/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының дербес деректерін қорғауды қамтамасыз етуге және Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша жүргізілетін операциялар жөніндегі банк құпиясын сақтауға. Төлем карточкасының ағымдағы шоты жөніндегі мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік органдарға тек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және талаптарда, ал үшінші тұлғаларға мұндай ақпаратты беруге Клиенттің келісімі қамтылған құжат не Шарт ережелері болғанда беру.	4.1.4. Обеспечивать конфиденциальность информации, защиту персональных данных Клиента (его доверенного лица)/Держателя дополнительной платежной карточки и сохранять банковскую тайну по операциям, проводимым по Текущему счету Платежной карточки, с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан. Представлять сведения по Текущему счету Платежной карточки уполномоченным государственным органам только в порядке и на условиях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан, а также третьим лицам при наличии документа либо положений в Договоре, содержащего (-их) согласие Клиента на представление такой информации третьим лицам.
4.1.5. Клиенттің Төлем карточкасының ағымдағы шотына қатысты нұсқауын алған кезде, оны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде акцептеуге не акцептеуден уәжді түрде бас тарту.	4.1.5. При получении указания Клиента к Текущему счету Платежной карточки акцептовать его либо мотивированно отказать в его акцепте в порядке и сроки, предусмотренные нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

4.1.6. Төлем карточкасының ағымдағы шотына қойылған нұсқауларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және кезектілікпен орындау.	4.1.6. Исполнять указания, предъявленные к Текущему счету Платежной карточки, в порядке и очередности, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.
4.1.7. Клиенттің Банк белгілеген нысан бойынша ұсынған жазбаша өтінішіне сәйкес, онда көрсетілген талаптарда Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша шетел валютасын сатып алу (айырбастау), сату туралы өкімдерін (нұсқауларын) орындау.	4.1.7. Выполнять распоряжения (указания) Клиента по Текущему счету Платежной карточки на покупку иностранной валюты (конвертацию), продажу иностранной валюты, согласно предъявленному его письменному заявлению в Банк по установленной последним форме, на условиях, указанных в заявлении.
4.1.8. Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша үзінді көшірмені, оның ішінде электрондық өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары (банкоматтар және т.б.) арқылы және/немесе Банк акцептеген төлем тапсырмасының данасын беру арқылы Клиентке оның төлем тапсырмасының орындалғаны туралы хабарлау.	4.1.8. Извещать Клиента об исполнении его платежного поручения путем предоставления выписки по Текущему счету Платежной карточки, в том числе, посредством электронных устройств самообслуживания (банкоматы, и т.п.), и/или акцептованного Банком экземпляра платежного поручения.
4.1.9. Клиенттің акцептін талап ететін төлем талабын алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, төлем талабын кейіннен акцептеу не оны акцептеуден уәжді бас тарту үшін Клиентке қағаз жеткізгіште беру.	4.1.9. Не позднее рабочего дня, следующего за днем получения платежного требования, требующего акцепта Клиента, передать платежное требование Клиенту на бумажном носителе для последующего его акцепта либо мотивированного отказа от его акцепта.
4.1.10. Клиентті өзіне/Қосымша төлем карточкасын ұстаушыға көрсетілетін банктік және өзге қызметтер үшін Банктің мөлшерлемелерімен және Тарифтерімен таныстыру мақсатында олар туралы ақпаратты (өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге) Банктің www.vtb-bank.kz ресми интернет-сайтында, Банктің операциялық бөлімшесінде көруге және танысуға қолжетімді жерде орналастыру.	4.1.10. С целью ознакомления Клиента со ставками и Тарифами Банка за банковские и иные услуги, оказываемые Клиенту/Держателю дополнительной платежной карточки, размещать информацию о ставках и Тарифах Банка (в том числе с изменениями и дополнениями к ним) на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz, в операционном подразделении Банка, в месте, доступном для обозрения и ознакомления.
4.1.11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің Банк алдындағы барлық қаржылық міндеттемелері реттелген жағдайда, Шартты бұзу туралы өтініш негізінде оны алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң Төлем карточкасының ағымдағы шотындағы ақша қалдығын Клиентке қайтару.	4.1.11. Возвратить Клиенту остаток денег, находящихся на Текущем счете Платежной карточки, на основании Заявления о расторжении Договора по истечении 30 (тридцати) календарных дней с даты получения указанного заявления при условии урегулирования всех финансовых обязательств Клиента перед Банком, за исключением случаев, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан и/или Договором.
4.1.12. Клиенттің төлем тапсырмасын онда көрсетілген делдал банк, оның ішінде шетелдік	4.1.12. При невозможности исполнения платежного поручения Клиента через

корреспондент банк (делдал банк) арқылы орындау мүмкін болмағанда, төлем тапсырмасында көрсетілген болжамды орындау күнінен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей Клиентке төлем тапсырмасын орындау мүмкін еместігі туралы ауызша не Клиент төлем тапсырмасында көрсеткен делдал банк (оның ішінде шетелдік корреспондент банк) арқылы хабарлау.	указанный в нем банк-посредник, в том числе, иностранный банк-корреспондент (банк-посредник), известить Клиента о невозможности исполнения платежного поручения в устной форме не позднее следующего операционного дня после предполагавшейся даты исполнения, указанной в платежном поручении, либо через банк-посредник (в том числе, иностранный банк-корреспондент), указанный Клиентом в платежном поручении.
4.1.12-1. Төлем карточкасының/қосымша төлем карточкасының жарамдылық мерзімі аяқталатын күнге дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын SMS/push-хабарлама жіберу арқылы не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге тәсілмен Клиентке хабарлау;	4.1.12-1. Информировать Клиента об истечении срока действия Платежной карточки/дополнительной платежной карточки посредством направления SMS/PUSH либо иным способом не противоречащим законодательству Республики Казахстан не менее чем за 10 (десять) календарных дней до даты ее истечения;
4.1.13. Шарт ережелерінде және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған өзге міндеттерді орындауға.	4.1.13. Выполнять иные обязанности, определенные положениями Договора и/или действующего законодательства Республики Казахстан.
4.2. Клиент және/немесе Қосымша карточканы ұстаушы міндетті:	4.2. Клиент и/или Держатель дополнительной Карточки обязан:
4.2.1. Төлем карточкасының ағымдағы шотын ашу/Төлем карточкасын шығару (беру) үшін және/немесе Карточкалық операциялар/Төлем карточкасы бойынша Банкке Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Банктің ішкі қағидаларында көзделген көлемде дұрыс ақпаратты/мәліметтерді және құжаттарды, оның ішінде төлемнің негізділігін, валюталық операцияларды жүргізуді растау үшін құжаттарды (шарттардың, келісімшарттардың, келісімдердің және/немесе өзге мәмілелер мен құжаттардың көшірмелерін), осылармен шектелмей, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ұсынуға.	4.2.1. Предоставить Банку для открытия Текущего счета Платежной карточки/выпуска (выдачи) Платежной карточки и/или по Карточным операциям/Платежной карточке достоверную информацию/сведения и документы в объеме, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан, внутренними правилами Банка, включая, но не ограничиваясь, для целей подтверждения обоснованности проведения платежа, осуществления валютных операций (копии договоров, контрактов, соглашений и/или иных сделок и документов), в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка.
4.2.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген төлемдер/аударымдар жүргізу, төлем құжаттарын ресімдеу, валюталық операциялар жүргізу қағидаларын, сондай-ақ Шарт, Қағидалар талаптарын, Банк Тарифтерін және Төлем жүйесінің қағидаларын сақтауға әрі олардың өзінің сенім білдірілген (уәкілетті) тұлғалары/Қосымша карточкаларды	4.2.2. Соблюдать правила осуществления платежей/переводов, оформления платежных документов, проведения валютных операций, установленные действующим законодательством Республики Казахстан, а также условия Договора, Правил, Тарифы Банка, правила Платежной системы и обеспечить их соблюдение его доверенным (-

ұстаушылар тарапынан сақталуын қамтамасыз етуге.	ыми) (уполномоченным (-ыми) лицом (-ами)/Держателями дополнительных Карточек)
4.2.3. Карточкалық операцияларды растайтын құжаттарды (сауда чектері, слиптер және т.б.) тиісті операция жүргізілген күннен бастап кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн сақтауға.	4.2.3. Хранить документы, подтверждающие проведение Карточных операций (торговые чеки, слипы и т.п.) не менее чем 60 (шестьдесят) календарных дней с даты проведения соответствующей Карточной операции.
4.2.4. Төлем карточкасының ағымдағы шоты/Төлем карточкасы бойынша операция жүргізілген кезде қолданыста болатын Банк Тарифтеріне сәйкес Қызметтерді уақтылы төлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Банк Тарифтерінде белгіленген мөлшерде шығыстарды, Төлем карточкасының ағымдағы шотына/Төлем карточкасына қызмет көрсетуге байланысты Банктің пошта және өзге шығыстарын толық өтеуге. Төлем карточкасының ағымдағы шотында, сондай-ақ Клиенттің Банкте ашылған кез келген өзге банк шотында ақша жеткіліксіз болғанда, комиссиялық сыйақы және/немесе Клиенттің Банк алдындағы кез келген берешегін төлеуге арналған өзге сомалар Төлем карточкасының ағымдағы шоты және/немесе Клиенттің Банктегі кез келген өзге банк шоты толықтырылған күні алынады (есептен шығарылады). Қызметтер және/немесе Төлем карточкасының ағымдағы шотына/Төлем карточкасына қызмет көрсетуге байланысты Банк шығыстары үшін Клиент төлеген және/немесе Банк алған (есептен шығарған) сомалар Клиентке қайтарылмайды.	4.2.4. Своевременно производить оплату Услуг в соответствии с Тарифами Банка, действующими на момент совершения операции по Текущему счету Платежной карточки/ Платежной карточке, а также возмещать расходы в полном объеме в размерах, установленных Тарифами Банка, почтовые и иные расходы Банка, связанные с обслуживанием Текущего счета Платежной карточки/ Платежной карточки, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан (при недостаточности денег на Текущем счете Платежной карточки, а также любом(-ых) другом(-их) банковском(-их) счете(-ах) Клиента, открытом(-ых) в Банке, комиссионное вознаграждение и/или иные суммы в оплату любых задолженностей Клиента перед Банком изымается(-ются) (списывается(-ются)) в день пополнения Текущего счета Платежной карточки и/или любого(-ых) другого(-их) банковского(-их) счета (-ов) Клиента, открытого(-ых) в Банке). Сумма, оплаченная Клиентом и/или изъятая (списанная) Банком за Услуги и/или расходы Банка, связанные с обслуживанием Текущего счета Платежной карточки/Платежной карточки, возврату Клиенту не подлежат.
4.2.5. CVP/ПИН-кодты теру және/немесе Төлем карточкасын ұстаушының (оның ішінде Қосымша төлем карточкасын ұстаушының) қолымен расталған Төлем карточкасын пайдалану арқылы жасалған Карточкалық операциялар бойынша барлық шығыстарды (шығындарды) толық көлемде төлеуге.	4.2.5. Оплачивать в полном объеме все расходы (затраты) по Карточным операциям, произведенным с использованием Платежной карточки, удостоверенной набором CVP/ПИН-кода и/или подписью Держателя Платежной карточки (в том числе, Держателя дополнительной платежной карточки).
4.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісінше ресімделген сенімхат бойынша Төлем карточкасының ағымдағы шотына билік етуге және/немесе ол бойынша үзінді көшірмелер (анықтамалар) алуға уәкілетті тұлғалар ауыстырылғанда не олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылғанда, бұл туралы Банкке жазбаша	4.2.6. При замене лиц, уполномоченных распоряжаться Текущим счетом Платежной карточки и/или на получение выписок (справок) по Текущему счету Платежной карточки согласно надлежащим образом оформленной по законодательству Республики Казахстан доверенности, либо досрочном прекращении их полномочий,

немесе Тараптар келіскен өзге байланыс құралдарымен дереу хабарлауға және өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға. Әйтпесе Банк сенімхат негізінде Төлем карточкасының ағымдағы шотына билік етуге, ол бойынша үзінді көшірмелер (анықтамалар) алуға уәкілетті тұлғалардың әрекеттері үшін жауап бермейді.	незамедлительно уведомить об этом Банк в письменном виде или по другим согласованным Сторонами средствам связи и предоставить оригиналы документов, подтверждающие такие изменения. В противном случае Банк не несет ответственности за действия лиц, уполномоченных распоряжаться Текущим счетом Платежной карточки, получать выписки (справки) по Текущему счету Платежной карточки на основании доверенности.
4.2.7. Клиенттің/оның сенім білдірілген (уәкілетті) тұлғасының/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының жеке басын куәландыратын құжатта қамтылған мәліметтер өзгерген жағдайда, сондай-ақ Клиенттің/оның сенім білдірілген (уәкілетті) тұлғасының/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының жеке басын куәландыратын құжат жоғалған жағдайда, осындай өзгерістер/оқиғалар туындаған/басталған сәттен бастап бұл туралы Банкке дереу хабарлау, ал Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша төлем/операция жүргізу кезінде Клиенттің/оның сенім білдірілген (уәкілетті) тұлғасының/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының жеке басын куәландыратын құжатта қамтылған мәліметтердің өзгеруінен бөлек, Банктің белгіленген нысаны бойынша өтініш беру арқылы тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) өзгергені туралы, сондай-ақ өзінің азаматтығының, салықтық резиденттігінің, АҚШ тұлғасына жататынын/жатпайтынын растайтын өзге де белгілерінің, тұрғылықты/тіркелген мекенжайының, телефон нөмірінің, ЖСН-нің өзгергені туралы тиісінше Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша операция/Карточкалық операция жүргізілген күні тиісті жазбаша хабарлама және/немесе Банктің белгіленген нысаны бойынша өтініш беру арқылы, Банктің талабы бойынша растайтын құжаттарды ұсына отырып хабарлау. Бұл ретте Клиенттің/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының Төлем карточкасының ағымдағы шотын ашу және жүргізу (қызмет көрсету)/Төлем карточкасын шығару және оған қызмет көрсету үшін бұрын ұсынған	4.2.7. В случае изменений сведений, содержащихся в документе, удостоверяющем личность Клиента/его доверенного (уполномоченного) лица/Держателя дополнительной платежной карточки, а также в случае утери документа, удостоверяющего личность Клиента/его доверенного (уполномоченного) лица/Держателя дополнительной платежной карточки, незамедлительно уведомить об этом Банк с момента возникновения/наступления таких изменений/событий, а при проведении платежа/операции по Текущему счету Платежной карточки уведомить кроме изменения сведений, содержащихся в документе, удостоверяющем личность Клиента/его доверенного (уполномоченного) лица/Держателя дополнительной платежной карточки, об изменении фамилии, имени, отчества (при наличии) путем предоставления заявления по установленной Банком форме, а также об изменении своего гражданства, налогового резиденства, иных признаков, подтверждающих принадлежность/непринадлежность к персоне США, адреса проживания/регистрации, номере телефона, ИИН - в день проведения операции по Текущему счету Платежной карточки/Карточной операции, соответственно, с представлением подтверждающих документов по требованию Банка путем предоставления соответствующего письменного уведомления и/или заявления по установленной Банком форме. При этом ранее представленные Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки документы и/или копии документов для открытия и ведения (обслуживания) Текущего счета Платежной

құжаттарын және/немесе құжаттардың көшірмелерін Банк қайтармайды.	карточки/выпуска и обслуживания Платежной карточки Банком не возвращаются.
4.2.8. Төлем карточкасының ағымдағы шотынан рұқсатсыз төлемдер, шот бойынша қате жүргізілген операциялар (оның ішінде орындалған төлем тапсырмалары) анықталған кезден бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде Банкке жазбаша хабарлауға; хабарламада өзінің төлем тапсырмасының деректемелерін және анықталған қате деректемелерді көрсетуге.	4.2.8. Письменно уведомлять Банк о несанкционированных платежах с Текущего счета Платежной карточки, об ошибочно произведенных операциях по Текущему счету Платежной карточки (в том числе исполненных платежных поручениях) в течение 3 (трех) операционных дней с момента обнаружения (выявления) указанных действий, с указанием в уведомлении реквизитов своего платежного поручения и выявленных ошибочных реквизитах.
4.2.9. Төлем карточкасының ағымдағы шотына Клиентке тиесілі емес ақша қате есепке жатқызылса, 3 (үш) операциялық күн ішінде Банкке хабарлауға және Банкке хабарлаған кезден бастап 2 (екі) операциялық күн ішінде қате есепке жатқызылған соманы Банкке қайтаруға.	4.2.9. В случае ошибочного зачисления денег на Текущий счет Платежной карточки, не принадлежащих Клиенту, в течение 3 (трех) операционных дней уведомить Банк и произвести возврат ошибочно зачисленной суммы Банку в течение 2 (двух) операционных дней с момента уведомления Банка.
4.2.10. Үшінші тұлғалар Төлем карточкасының ағымдағы шотына қойған және Клиент акцептін талап ететін төлем талаптарын Клиент нұсқауды алған күннен бастап 2 (екі) банк күнінен кешіктірмей акцептеуге не акцептеуден уәжді бас тартуға және оларды Банкке қайтаруға.	4.2.10. Акцептовать платежные требования, требующие акцепта Клиента, предъявленные к Текущему счету Платежной карточки третьими лицами, либо мотивированно отказать в их акцепте не позднее 2 (двух) банковских дней со дня получения указания Клиентом и возвратить их в Банк.
4.2.11. Банктің қолданыстағы Тарифтері және Шартқа, оның ішінде Төлем карточкасын пайдалануға байланысты өзге де ақпаратты алу үшін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде кемінде 1 (бір) рет, сондай-ақ Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша Карточкалық операцияны жүзеге асырудың тікелей алдында Банкке және/немесе Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша ресми сайтқа жүгіну. Бұл ретте Клиент/Қосымша төлем карточкасын ұстаушы Банктің Тарифтеріне/ақпаратқа енгізілген өзгерістер/толықтырулар туралы хабарсыз болғанына сілтеме жасауға құқылы емес.	4.2.11. Не реже 1 (одного) раза в течение 30 (тридцати) календарных дней, а также непосредственно до осуществления Карточной операции по Текущему счету Платежной карточки, обращаться в Банк и/или на официальный сайт в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz за получением информации о действующих Тарифах Банка и иной, связанной с Договором, в том числе, пользованием Платежной карточки, информацией. При этом Клиент/Держатель дополнительной платежной карточки не вправе ссылаться на неосведомленность в отношении изменений/дополнений Тарифов Банка/информации.
4.2.12. Шарттың 4.2-тармағының 4.2.7-тармақшасында көрсетілген мерзімдерді ескере отырып, Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар санатына жататыны, жария лауазымды тұлға не оның жұбайы, жақын туысы мәртебесі, сондай-ақ азаматтығы, салықтық резиденттігі және АҚШ тұлғасына жататынын/жатпайтынын растайтын өзге	4.2.12. Уведомлять Банк в письменной форме о принадлежности к категории лиц, связанных с Банком особыми отношениями, статусу публичного должностного лица, либо его супруга (-и), близкого родственника, а также о гражданстве, налоговом резидентстве, иных признаков, подтверждающих принадлежность/непринадлежность к персоне

белгілер туралы Банкке жазбаша хабарлауға. Банк бұл ақпаратты тексеру және нақтылау үшін ресми ақпарат көздерін пайдалануға құқылы. Жария лауазымды тұлға – бұл: (1) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға; (2) лауазымды тұлға; (3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлға; (4) мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын тұлға; (5) шет мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік, сот органдарында немесе қарулы күштерінде қандай да бір лауазымды атқаратын тағайындалатын немесе сайланатын тұлға; (6) шет мемлекет үшін қандай да бір жария функцияны орындайтын тұлға; (7) мемлекеттер халықаралық шарттар мәртебесі бар келісімдер негізінде құрған ұйымдарда басшылық лауазымды атқаратын тұлға.	США с учетом сроков, указанных в пп. 4.2.7. п. 4.2. Договора. Банк вправе пользоваться официальными источниками информации для проверки и уточнения указанной информации (Публичное должностное лицо– это: (1) лицо, занимающее ответственную государственную должность; (2) должностное лицо; (3) лицо, уполномоченное на выполнение государственных функций; (4) лицо, исполняющее управленческие функции в государственной организации или субъекте квазигосударственного сектора; (5) лицо, назначаемое или избираемое, занимающее какую-либо должность в законодательном, исполнительном, административном, судебном органах или вооруженных силах иностранного государства; (6) лицо, выполняющее какую-либо публичную функцию для иностранного государства; (7) лицо, занимающее руководящую должность в организациях, созданных государствами на основе соглашений, которые имеют статус международных договоров).
4.2.13. Бұрын жоғалған деп мәлімделген Төлем карточкасы табылғанда, бұл туралы Банкке дереу хабарлауға және оны Банкке қайтаруға.	4.2.13. При обнаружении Платежной карточки, ранее заявленную как утраченная, немедленно проинформировать об этом Банк и Платежную карточку вернуть в Банк.
4.2.14. Төлем карточкасын пайдалана отырып төлем жасау кезінде жасалған төлем құжатын орындау үшін қажетті ақша сомасының Төлем карточкасының ағымдағы шотында болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Карточкалық операцияларды Төлем карточкасының ағымдағы шотындағы ақша қалдығы шегінде жүзеге асыру және Клиент/Қосымша төлем карточкасын ұстаушы Карточкалық операцияларды жасаған кезде Банк және/немесе өзге үшінші тұлғалар көрсететін қызметтер үшін комиссиялық сыйақы сомаларын ескере отырып, Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша ақшаның жұмсалуын бақылау арқылы Техникалық карточкалық овердрафттың туындауына жол бермеу, ал Техникалық карточкалық овердрафттың туындауына жол берілген жағдайда, Техникалық карточкалық овердрафт сомасын ол туындаған күннен кешіктірмей төлеуге.	4.2.14. Обеспечить сумму денег на Текущем счете Платежной карточки, необходимую для исполнения платежного документа, составленного при осуществлении платежа с использованием Платежной карточки, а также осуществлять Карточные операции в пределах остатка денег на Текущем счете Платежной карточки и не допускать возникновения Технического карточного овердрафта, контролируя расходование денег по Текущему счету Платежной карточки с учетом сумм комиссионных вознаграждений за услуги Банка и/или других третьих лиц, оказываемых при совершении Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки Карточных операций, а в случае допущения возникновения Технического карточного овердрафта оплатить сумму Технического карточного овердрафта не позднее даты возникновения суммы Технического карточного овердрафта.

4.2.15. Төлем карточкасының ағымдағы шотында және Клиенттің Банкте ашылған өзге банк шоттарында ақша болмағанда/жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ Төлем карточкасының ағымдағы шоты жабылғанда, Банктің тиісті талабын алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Шартқа сәйкес Банкке тиесілі барлық сомаларды/берешекті төлеуге. Бұған тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар), үшінші тұлғалардың қызметтері үшін Банктің шығыстары, сондай-ақ Клиенттен Шарт бойынша берешекті өндіріп алу барысында Банк шеккен, Төлем карточкасын (карточкаларын) алып қоюға, бұғаттауға, Стоп-параққа енгізуге байланысты (егер Банк бұл әрекеттерді Клиенттің/Қосымша карточканы ұстаушының кінәсінен жасаса) және/немесе Клиенттің/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының Шарт міндеттемелерін бұзуы не тиісінше орындамауы салдарынан Банк шеккен кез келген өзге залалдар кіреді.	4.2.15. В случае отсутствия/недостаточности денег на Текущем счете Платежной карточки и иных банковских счетах Клиента, открытых в Банке, а также при закрытии Текущего счета Платежной карточки, по требованию Банка в течение 5 (пяти) календарных дней с даты получения соответствующего требования оплатить все причитающиеся Банку в соответствии с Договором суммы/задолженность (в том числе, неустойку (штрафы, пени), расходы Банка за услуги третьих лиц, а также любые другие убытки, возникшие у Банка в процессе взыскания с Клиента задолженности по Договору, связанной с изъятием, блокированием Платежной (-ых) карточки (-ек), внесением в Стоп-лист (если данные действия были предприняты Банком по вине Клиента/Держателя дополнительной Карточки), и/или понесенные Банком в результате нарушения или ненадлежащего исполнения Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки обязательств по Договору).
4.2.16. Банктен тиісті хабарлама алған кезде, Төлем карточкасы бойынша алаяқтық операциялардың алдын алу мақсатында Банктің көрсеткен мерзімі ішінде Төлем карточкасын пайдалануды тоқтату.	4.2.16. При получении от Банка соответствующего уведомления, в целях предотвращения мошеннических операций по Платежной карточке прекратить пользование Платежной карточкой в течение срока, указанного Банком.
4.2.17. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шыққан кезде Банктің Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша ресми сайтында орналастырылған, Төлем карточкалары бойынша алаяқтық қаупі жоғары елдердің тізімімен танысу және Банктің Төлем карточкасын ұстаушымен байланысын қамтамасыз ету үшін қажетті мәліметтерді (болу кезеңі, болатын елі) және байланыс телефон нөмірін Банкке ұсыну. Алаяқтық қаупі жоғары елдерде Төлем карточкасын пайдалануды тоқтатқаннан кейін Клиент Төлем карточкасын қайта шығару үшін Банкке жүгінуге міндеттенеді. Аталған талап сақталмаған және осыған байланысты осы Төлем карточкасы бойынша алаяқтық Карточкалық операциялар (транзакциялар) туындаған жағдайда, Банктің барлық шығыстарын, сондай-ақ Банкке келтірілген залалды Клиент Банктің талабы бойынша өтеуге тиіс.	4.2.17. При выезде за пределы Республики Казахстан ознакомиться со списком стран с повышенным риском мошенничества по Платежным карточкам, размещенным на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz, и представить в Банк необходимые сведения (период пребывания, страна пребывания) и контактный телефон, необходимые для поддержания Банком связи с Держателем Платежной карточки. После прекращения использования Платежной карточки в странах с повышенным риском мошенничества Клиент обязуется обратиться в Банк для перевыпуска Платежной карточки. В случае несоблюдения указанного требования и при возникновении в связи с этим мошеннических Карточных операций (транзакций) по данной Платежной карточке, все расходы Банка, а также ущерб, причиненный Банку, подлежат возмещению Клиентом Банку, по требованию последнего.

4.2.18. Төлем карточкасын пайдалану кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтау: үшінші (уәкілетті емес) тұлғаларға Төлем карточкасын/Төлем карточкасының деректемелерін, 3DS, CVP/ПИН-кодты, Код сөзін, өзге де сәйкестендіру деректерін (логинді, парольді) хабарламау/жария етпеу/бермеу, Төлем карточкасының, CVP//ПИН-кодтың, Код сөзінің, өзге де сәйкестендіру деректерінің (логиннің, парольдің) сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қағидаларда және/немесе Банктің Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша ресми сайтында баяндалған Банктің басқа да ұсынымдарын ұстану. Төлем карточкасы (оның деректемелері), CVP/ПИН-код және/немесе өзге де сәйкестендіру деректері ұрланған/жоғалған немесе оларды үшінші (уәкілетті емес) тұлға пайдаланған жағдайда, Банктің тәулік бойы жұмыс істейтін телефон нөмірлері арқылы Төлем карточкасының жоғалғаны, ұрланғаны немесе оны үшінші (уәкілетті емес) тұлғаның рұқсатсыз пайдаланғаны туралы Банкке дереу хабарлау және Банктің нұсқауларын орындау, кейіннен 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке Банктің белгіленген нысаны бойынша жазбаша өтініш ұсыну.	4.2.18. Соблюдать правила безопасности при пользовании Платежной карточкой: не сообщать/не разглашать/не передавать третьим (не уполномоченным) лицам Платежную карточку/реквизиты Платежной карточки, 3DS, CVP/ПИН-кода, Кодового слова, иных идентификационных данных (логина, пароля), обеспечить сохранность Платежной карточки, CVP//ПИН-кода, Кодового слова, иных идентификационных данных (логина, пароля), а также придерживаться других рекомендаций Банка, изложенных в Правилах и/или на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz. В случае хищения/утраты или использовании третьим (неуполномоченным) лицом Платежной карточки (ее реквизитов), CVP/ПИН-кода и/или иных идентификационных данных, незамедлительно уведомить Банк об утере, краже или несанкционированном использовании третьим (неуполномоченным) лицом Платежной карточки по телефонам Банка, работающим круглосуточно, и следовать инструкциям Банка, с последующим представлением Банку письменного заявления по установленной Банком форме, в срок не позднее 2 (двух) рабочих дней.
4.2.19. CVP, Төлем карточкасының ПИН-кодын теру немесе Төлем карточкасын ұстаушының қолтаңбасы арқылы расталған Төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған Карточкалық операциялар бойынша барлық шығыстарды (шығындарды) толық көлемде көтеру.	4.2.19. В полном объеме нести все расходы (затраты) по Карточным операциям, произведенным с использованием Платежной карточки, удостоверенной набором CVP, ПИН-кода Платежной карточки или подписью Держателя Платежной карточки.
4.2.20. Қосымша төлем карточкасын ұстаушымен/Қосымша төлем карточкасын ұстаушымен және сауда және сервис кәсіпорындарымен өзара қарым-қатынастарын дербес реттеу. Олармен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Клиент сауда чегінде/слипте көрсетілген соманы төлеу және/немесе осының салдарынан Банкке келтірілген залалды толық көлемде өтеу міндеттемелерінен босатылмайды.	4.2.20. Самостоятельно регулировать свои взаимоотношения с Держателем дополнительной платежной карточки/Держателем дополнительной платежной карточки и предприятиями торговли и сервиса. В случае возникновения разногласий с ними Клиент не освобождается от обязательств оплатить указанную в торговом чеке/слипе сумму и/или возместить Банку причиненный этим ущерб в полном объеме.
4.2.21. Төлем карточкасын пайдалана отырып операциялар жасау кезінде сауда және сервис кәсіпорындарының немесе банктердің қызметкерлерінің талабы бойынша	4.2.21. По требованию работников предприятий торговли и сервиса или банков при совершении операций с использованием Платежной карточки предъявлять документ,

Клиенттің/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну.	удостоверяющий личность Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки.
4.2.22. Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша ай сайынғы үзінді көшірмені тұрақты түрде (кемінде айына бір рет) алуға, оның мазмұнымен танысуға және шоттағы ақша қалдығын салыстырып тексеруге.	4.2.22. Регулярно (не реже одного раза в месяц) получать ежемесячную выписку по Текущему счету Платежной карточки, знакомиться с ее содержанием и производить сверку остатка денег на Текущем счете Платежной карточки.
4.2.23. Банктің кассасы жоқ филиалдарында Төлем карточкасының Ағымдағы шотына қызмет көрсету кезінде Шартта/жекелеген шартта/келісімде көзделген тәртіппен қолма-қол ақша алуға өтінім беру. Қолма-қол ақша беру Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында және осы Шартта және/немесе осы Шартқа/жекелеген шартқа/келісімге тиісті қосымша келісімде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.	4.2.23. При обслуживании Текущего счета Платежной карточки в филиалах Банка, не имеющих кассы, предоставлять заявку на получение наличных денег в порядке, предусмотренном Договором/ отдельным договором/соглашением. Выдача наличных денег осуществляется в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Банка и настоящим Договором и/или соотвествующим дополнительным соглашением к настоящему Договору/отдельным договором/ соглашением.
4.2.24. Шарттың ережелерінде және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған өзге де міндеттерді орындау.	4.2.24. Выполнять иные обязанности, определенные положениями Договора и/или действующего законодательства Республики Казахстан.
5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	**5. ПРАВА СТОРОН**
5.1. Банктің құқылы:	5.1. Банк вправе:
5.1.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда Клиенттің келісімінсіз Төлем карточкасының ағымдағы шотынан ақшаны алып қоюға (есептен шығаруға) және шот бойынша операцияларды тоқтата тұруға.	5.1.1. Производить изъятие (списание) денег с Текущего счета Платежной карточки без согласия Клиента и приостанавливать операции по Текущему счету Платежной карточки в порядке и случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан.
5.1.2. Төлем карточкасының ағымдағы шотына қойылған орындалмаған талаптар және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдардың/лауазымды тұлғалардың/жеке сот орындаушыларының өкімдері (шешімдері/қаулылары) болғанда, Клиентке шотты жабудан бас тартуға; сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда және Банк және/немесе Шарт, Қағидалар белгілеген талаптар сақталмағанда, Карточкалық операция жүргізу туралы нұсқауларды қабылдамауға, Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша операция жүргізуден және/немесе одан ақша алып қоюдан бас тартуға.	5.1.2. Отказать Клиенту в закрытии Текущего счета Платежной карточки при наличии неисполненных требований к Текущему счету Платежной карточки и (или) распоряжений (решений/постановлений) уполномоченных государственных органов/должностных лиц/частных судебных исполнителей к Текущему счету Платежной карточки, соответственно, а также не принимать указания на проведение Карточной операции, в проведении операции по Текущему счету Платежной карточки и/или изъятию денег с Текущего счета Платежной карточки в случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан, и не соблюдении требований, установленных Банком и/или условиями Договора, Правил.

5.1.2-1. Клиент/Төлем карточкасын ұстаушы/қосымша төлем карточкасын ұстаушы Антифрод-орталықтың деректер базасына енгізілген жағдайда, Клиентке/Төлем карточкасын ұстаушыға/қосымша төлем карточкасын ұстаушыға Қызметтер көрсетуден бас тарту не көрсетілетін Қызметтердің тізбесін шектеу.	5.1.2-1. Отказать Клиенту/Держателю Платежной карточки/Держателю дополнительной платежной карточки в оказании Услуг либо ограничить перечень Услуг при включении Клиента/Держателя Платежной карточки/Держателя дополнительной платежной карточки в базу данных Антифрод-центра[5].
5.1.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және жағдайларда Төлем карточкасының Ағымдағы шотын жабу.	5.1.3. Закрыть Текущий счет Платежной карточки в порядке и случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка.
5.1.4. 5.1.4. Банктің Шартты, Қағидаларды, төлем карточкалары жүйесіне қатысушылар арасында жасалған шарттарды тиісінше орындауы үшін қажет деп санайтын Клиент/қосымша төлем карточкасын ұстаушы туралы кез келген ақпаратты, сондай-ақ халықаралық/үкіметаралық келісімдерге, шетелдік заңнама талаптарына, оның ішінде FATCA талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кез келген құжаттарды және/немесе ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен және құралдармен тексеруге/сұратуға.	5.1.4. Проверять/запрашивать любую информацию о Клиенте/Держателе дополнительной платежной карточки, которую Банк считает необходимой для надлежащего исполнения им Договора, Правил, договоров, заключенных между участниками системы платежных карточек, а также любые документы и/или информацию согласно международным/межправительственным соглашениям, требованиям иностранного законодательства, в том числе требованиям FATCA, законодательства Республики Казахстан, внутренним документам Банка любыми способами и средствами, не противоречащими законодательству Республики Казахстан.
5.1.5. Өз қалауы бойынша Клиентке Төлем карточкасын шығарудан, қайта шығарудан немесе бұғаттан шығарудан бас тартуға, сондай-ақ Төлем карточкасы шығарылған/қайта шығарылған күннен бастап 180 (бір жүз сексен) күнтізбелік күн өткеннен кейін Клиент/қосымша төлем карточкасын ұстаушы талап етпеген Төлем карточкасын беруден бас тартуға не Клиент/қосымша төлем карточкасын ұстаушы Төлем карточкасын алудан бас тартқан жағдайда, оны жоюға және физикалық тұрғыдан жойып жіберуге. Бұл ретте мұндай Төлем карточкасын шығару (дайындау)/қайта шығару және оған қызмет көрсету үшін Банктің комиссиялық сыйақысы қайтарылмайды.	5.1.5. Отказать Клиенту в выпуске, перевыпуске или разблокировании Платежной карточки по своему усмотрению, а также в выдаче невостребованной Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки по истечении 180 (ста восьмидесяти) календарных дней с даты выпуска/перевыпуска Платежной карточки либо в случае отказа Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки от получения Платежной карточки, аннулировать ее и уничтожить. При этом комиссионное вознаграждение Банка за выпуск (изготовление)/перевыпуск и обслуживание такой Платежной карточки не возвращается.

[5] Антифрод-орталық – «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамы, ол алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын және төлемдер туралы Заңның 25-1-бабында көзделген тәртіппен өзге де төлем транзакцияларын анықтауға және болғызбауға бағытталған шараларды үйлестіруді және қабылдауды жүзеге асырады./Антифрод-центр - акционерное общество «Национальная платежная корпорация Национального Банка Республики Казахстан», которое осуществляет координацию и принятие мер, направленных на выявление и предотвращение платежных транзакций с признаками мошенничества и иных платежных транзакций в порядке, предусмотренном статьей 25-1 Закона о платежах.

5.1.6. Мынадай жағдайларда Төлем карточкасын (авторландыру сомасындағы ақшаны), оның ішінде Клиентке қосымша хабарламай, бұғаттауға (қолданысын тоқтата тұруға)/қолданысын тоқтатуға, сондай-ақ Карточкалық операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға (қажет болса Карточканы алып қою шараларын қолдана отырып):	5.1.6. Блокировать (приостановить)/прекратить действие Платежной карточки (деньги на сумму авторизации), в том числе и без дополнительного уведомления Клиента, а также приостановить совершение Карточных операций в следующих случаях (с принятием при необходимости мер по изъятию Карточки):
5.1.6.1. Клиент/Қосымша төлем карточкасын ұстаушы Шарт талаптарын, Банктің ішкі қағидаларын, оның ішінде Қағидаларды, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғанда;	5.1.6.1. при нарушении Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки условий Договора, внутренних правил Банка, в том числе, Правил, законодательства Республики Казахстан;
5.1.6.2. Төлем карточкасының жарамдылық мерзімі аяқталғанда;	5.1.6.2. по окончании срока действия Платежной карточки;
5.1.6.3. Банкте Төлем карточкасының/деректемелерінің және/немесе CVP және/немесе ПИН-кодтың жоғалғанын, құпиялылығы бұзылғанын, Төлем карточкасының зақымданғанын/алаяқтық операциялардың/рұқсатсыз Карточкалық операцияның жүргізілгенін/алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясының анықталғанын көрсететін фактілер болғанда;	5.1.6.3. при наличии у Банка фактов, свидетельствующих об утере, компрометации Платежной карточки/ реквизитов и/или CVP и/или ПИН-кода, повреждении Платежной карточки/проведении мошеннических операций/несанкционированной Карточной операции/ выявлении платежной транзакции с признаками мошенничества;
5.1.6.4. Техникалық карточкалық овердрафт сомасы және/немесе Клиенттің Банк алдындағы өзге берешегі төленбегенде, сондай-ақ Төлем карточкасын (оның деректемелерін) пайдаланып жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша есеп айырысу үшін Төлем карточкасының ағымдағы шотында ақша болмағанда немесе жеткіліксіз болғанда;	5.1.6.4. при неоплате суммы Технического карточного овердрафта и/или иной задолженности Клиента перед Банком, а также в связи с отсутствием или недостаточностью денег на Текущем счете Платежной карточки для проведения расчетов по совершенным с использованием Платежной карточки (ее реквизитов) Карточным операциям;
5.1.6.5. Клиент/Қосымша төлем карточкасын ұстаушы қайтыс болғанда;	5.1.6.5. в случае смерти Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки;
5.1.6.6. Клиент тұлғалардың өкілеттіктері туралы мазмұны бойынша бірін-бірі жоққа шығаратын немесе өзара қайшы құжаттарды ұсынуына байланысты Банк Төлем карточкасының ағымдағы шотындағы ақшаға билік етуге және (немесе) Төлем карточкасын жабуға, бұғаттауға/қолданысын қалпына келтіруге (бұғаттан шығаруға), шығаруға/қайта шығаруға Клиент тиісінше уәкілеттік берген тұлғаны (тұлғаларды) бірмәнді анықтай алмаса және тұлғаның (бірнеше тұлғаның) Карточканың ағымдағы шотына билік ету құқығына күмәні болса;	5.1.6.6. при наличии сомнений у Банка о правах лица (нескольких лиц) на распоряжение Текущим счетом Карточки, когда Банк не может однозначно определить лицо (лиц), надлежащим образом уполномоченное (-ых) Клиентом на распоряжение деньгами на Текущем счете Платежной карточки и (или) закрытие, блокирование/восстановление действия (разблокирование), выпуск/перевыпуск Платежной карточки, ввиду того, что Клиентом предоставлены документы о полномочиях лиц, исключающие по содержанию друг друга или противоречащие друг другу;

5.1.6.7. Клиенттің/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының бастамасы бойынша;	5.1.6.7. по инициативе Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки;
5.1.6.8. Жалақы жобасы шеңберінде Клиентпен еңбек қатынастарының тоқтатылғаны туралы жұмыс беруші ұйымның хаты негізінде;	5.1.6.8. на основании письма организации-работодателя Клиента о прекращении трудовых отношений с Клиентом в рамках зарплатного проекта;
5.1.6.8-1. Банк алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын анықтағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімге нұсқауды орындауды және (немесе) Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға/төлем және (немесе) ақша аударымы сомасын бұғаттауға. Банк бұл туралы Клиентке Өтініште және/немесе Клиент ресімдейтін тиісті өтініште/Банктің АБАЖ дерекқорында көрсетілген байланыс деректері бойынша кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлайды. Банк мән-жайларды анықтау және шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпаратты Клиенттен сұратуға да құқылы. Клиент сұратылған ақпаратты ұсынбаса, Банк Клиенттен түсіндірме алғанға дейін Төлем карточкасының ағымдағы шотын/Төлем карточкасын бұғаттайды.	5.1.6.8-1. приостановить исполнение указания и (или) расходные операции по Текущему счету Платежной карточки/ блокировать сумму платежа и (или) перевода денег при выявлении Банком платежной транзакции с признаками мошенничества на срок, установленный законодательством Республики Казахстан, о чем Банк предоставляет информацию Клиенту любым доступным способом по контактным данным указанным в Заявлении и/или соответствующем заявлении, оформляемом Клиентом/указанного в базе АБИС Банка. Банк также вправе запрашивать у Клиента дополнительную информацию необходимую для выяснения обстоятельств и принятия решения. В случае не предоставления Клиентом запрашиваемой информации Банк блокирует Текущий счет Платежной карточки/Платежную карточку до момента получения пояснений от Клиента.
5.1.6.9. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге негіздер бойынша және өзге жағдайларда.	5.1.6.9. по иным основаниям и в иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.
5.1.7. Төлем карточкасының қолданысын тоқтата тұру (бұғаттау) себептері жойылғаннан кейін оның қолданысын қалпына келтіруге (бұғаттан шығаруға).	5.1.7. Восстановить действие Платежной карточки (разблокировать) после устранения причин приостановки ее действия (блокировки).
5.1.8. Клиент жалақысын Төлем карточкасының ағымдағы шоты арқылы алғанда, жұмыс беруші ұйымның сұрауы бойынша Клиенттің жұмыс берушісіне Шарт талаптары, Клиенттің ЖСН-і, сондай-ақ жалақыны/өзге төлемдерді есепке жатқызу үшін қажетті, Клиенттің банк құпиясын құрайтын мәліметтерді (Төлем карточкасының ағымдағы шотының нөмірін қоса) беруге. Клиент осы арқылы бұған сөзсіз әрі кері қайтарып алынбайтын келісімін береді және банк құпиясын құрайтын мәліметтерді ашуға арналған осы жазбаша келісімді Банкке өзі келіп, Өтінішке қол қою арқылы бергенін растайды.	5.1.8. По запросу организации-работодателя передать работодателю Клиента информацию об условиях Договора, ИИН Клиента, а также сведения, составляющие банковскую тайну Клиента (включая номер Текущего счета Платежной карточки), необходимые для зачисления заработной платы/иных выплат, в случае получения Клиентом заработной платы через Текущий счет Платежной карточки, на что Клиент настоящим предоставляет свое безусловное и безотзывное согласие. При этом Клиент заверяет, что настоящее письменное согласие Банку на раскрытие сведений, составляющих банковскую тайну, предоставлено в момент личного присутствия в Банке путем подписания Заявления.

5.1.9. Клиентке/қосымша төлем карточкасын ұстаушыға Шарттың, оның ішінде Қағидалардың талаптарына қатысты мәліметтерді, хабарламалар мен хабардар етулерді, сондай-ақ Банктің басқа өнімдері мен қызметтері туралы ақпаратты Банк таңдаған кез келген тәсілмен, оның ішінде Клиент Өтініште және/немесе өзі ресімдейтін тиісті өтініште көрсеткен ұялы телефон нөміріне, электрондық пошта мекенжайына және/немесе пошталық мекенжайына жіберуге. Орналасқан жерінің/мекенжайының/ұялы телефон нөмірінің/электрондық пошта мекенжайының және/немесе пошталық мекенжайының өзгергені туралы Банкке хабарламауы салдарынан немесе Банкке байланысты емес өзге де себептермен хабарламаны алмаған Клиент/қосымша төлем карточкасын ұстаушы хабарламаны алған болып есептеледі.	5.1.9. Направлять Клиенту/Держателю дополнительной платежной карточки сведения, сообщения и уведомления, касающиеся условий Договора, в том числе, Правил, а также информацию о других продуктах и услугах Банка, любым способом по выбору Банка, в том числе путем направления информации на номер мобильного телефона, адрес электронной почты и/или почтовый адрес, указанные Клиентом в Заявлении и/или в соответствующем заявлении, оформляемом Клиентом. Клиент/Держатель дополнительной платежной карточки, не получивший уведомление вследствие несообщения Банку информации об изменении места нахождения/адреса/номера мобильного телефона /адреса электронной почты и/или почтового адреса по тем или иным не зависящим от Банка причинам, считается получившим уведомление.
5.1.10. Клиент кез келген берешегін төлемегенде, Төлем карточкасын (карточкаларын) жарамсыз деп жариялауға, оны (оларды) айналымнан алып қою жөніндегі Банктің барлық шығыстарын Төлем карточкасының ағымдағы шотына жатқызуға. Бұл жағдайда айналымнан алып қою шығыстары Клиенттің Банк алдындағы жалпы берешек сомасына қосылады.	5.1.10. В случае неоплаты Клиентом любой задолженности, объявить Платежную карточку (-и) недействительной (-ыми) с отнесением всех расходов Банка по изъятию Платежной карточки (-чек) из обращения на Текущий счет Платежной карточки, в этом случае расходы по изъятию Платежной карточки (-чек) из обращения будут включены в общую сумму задолженности Клиента перед Банком.
5.1.11. Егер Клиент Банкке ашық байланыс арналары (оның ішінде SMS, факс, телефон және т.б.) арқылы сұрау салса немесе Төлем карточкасының ағымдағы шоты/Төлем карточкасы туралы мәліметтерді осындай байланыс арналары арқылы жіберуге нұсқау берсе, аталған мәліметтерді осы арналар арқылы беруге. Осы арқылы Клиент Шарттың осы тармақшасына сәйкес өзі Банкке сұрау салған немесе мәліметтерді жіберуге нұсқау берген ашық байланыс арналары және/немесе Банк серіктестерінің арналары арқылы, оның ішінде өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары (ИПТ, АТМ және т.б.) арқылы Банк жіберетін ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелін түсінетінін растайды және мұндай тәуекелді өзіне қабылдайды.	5.1.11. Передавать сведения о Текущем счете Платежной карточки/Платежной карточке по открытым каналам связи (в том числе SMS, факс, телефон и т.п.), если Клиент инициировал запрос Банку по таким каналам связи или дал указание о направлении сведений по Текущему счету Платежной карточки/Платежной карточке по таким каналам связи. Настоящим Клиент подтверждает, что осознает риск несанкционированного получения третьими лицами информации, направляемой Банком по открытым каналам связи и/или партнеров Банка, в том числе через устройства самообслуживания (ИПТ, АТМ и пр.) по которым Клиент инициировал запрос Банку или дал указание о направлении сведений, в соответствии с настоящим подпунктом Договора, и принимает на себя такой риск.

5.1.12. Клиент Шартты бұзу туралы өтініш бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде келіп түскен сомаларды өтеуді Клиенттен талап етуге және Шарт ережелерін ескере отырып, бұл сомаларды алып қоюға (есептен шығаруға).	5.1.12. Потребовать от Клиента возместить суммы, поступившие в течение 30 (тридцать) календарных дней после подачи Клиентом Заявления о расторжении Договора, и изъять (списать) данные суммы с учетом положений Договора.
5.1.13. Клиент Шарт бойынша кез келген сомаларды толық немесе ішінара төлеуді кешіктірсе, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес комиссиялық сыйақыны және/немесе тұрақсыздық айыбын (айыппұлды және/немесе өсімпұлды) есептеуді тоқтата тұруға және/немесе қайта бастауға (оның ішінде есептеу тоқтатылған күннен бастап).	5.1.13. Приостановить начисление и/или возобновлять начисление (в том числе с даты прекращения начисления) комиссионного вознаграждения и/или неустойки (штрафа и/или пени) согласно внутренним документам Банка в случае задержки Клиентом оплаты (полностью или частично) любых сумм по Договору.
5.1.14. Клиенттен Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарына сәйкес қажетті төлемдер мен ақша аударымдары жөніндегі кез келген құжаттарды және өзге ақпаратты сұратуға.	5.1.14. Запрашивать у Клиента любые документы и иную информацию по платежам и переводам денег, необходимую согласно законодательству Республики Казахстан, в том числе, нормативным правовым актам уполномоченных органов Республики Казахстан, а также согласно внутренним документам Банка.
5.1.15. Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша Карточкалық операция жүргізуден (нұсқауларды акцептеуден) мынадай жағдайларда бас тартуға:	5.1.15. Отказать в совершении Карточной операций (в акцепте указаний) по Текущему счету Платежной карточки в следующих случаях:
1) Төлем карточкасының ағымдағы шотында осы нұсқауды орындауға жеткілікті ақша болмағанда (Банктің комиссиялық сыйақысы мен пошта-телеграф шығыстарын ескере отырып);	1) при отсутствии суммы денег на Текущем счете Платежной карточки, достаточной для исполнения этого указания (с учетом суммы комиссионного вознаграждения Банка, почтово-телеграфных расходов Банка);
2) Клиент нұсқауына сәйкес жүргізілуге тиіс Карточкалық операцияға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынғанда;	2) если Карточная операция, которую необходимо осуществить в соответствии с указанием Клиента, запрещена законодательством Республики Казахстан;
3) Клиенттің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Шарттың, Қағидалардың ережелерін, банк қағидаларын, төлем құжаттарын ресімдеу тәртібін және/немесе Банк пен Клиент арасында жасалған келісімдердің талаптарын және оларды Банкке ұсыну мерзімдерін бұзғанын көрсететін фактілер болғанда;	3) при наличии фактов, свидетельствующих о нарушении Клиентом норм действующего законодательства Республики Казахстан, положений Договора, Правил, а также банковских правил, техники оформления платежных документов и/или условий соглашений, заключенных между Банком и Клиентом, и сроков их предъявления в Банк;
4) Ұсынылған төлем құжаты негізіндегі төлем рұқсатсыз төлем ретінде бағаланады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болғанда;	4) при наличии достаточных оснований полагать, что платеж на основании представленного платежного документа будет расцениваться как несанкционированный;
5) Банкке ұсынылған төлем және өзге құжаттар, сондай-ақ ақпарат Банк, Шарт, Қағидалар және/немесе Қазақстан	5) представления Банку платежных и иных документов, а также информации, не соответствующих порядку и форме,

Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіп пен нысанға сәйкес келмегенде;	установленными Банком, Договором, Правилами и/или законодательством Республики Казахстан;
6) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары/лауазымды тұлғалары Төлем карточкасының ағымдағы шотындағы ақшаға тыйым салған, Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша операцияларды тоқтата тұрған;	6) наложения ареста на деньги, находящиеся на Текущем счете Платежной карточки, приостановления операций по Текущему счету Платежной карточки уполномоченными государственными органами/должностными лицами Республики Казахстан;
7) Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес өзінің тиісті банк шоты бойынша жүргізілетін банк операцияларына қатысты ақпарат пен құжаттарды Банк сұрауы бойынша ұсыну міндетін орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда;	7) неисполнения или ненадлежащего исполнения Клиентом обязанности по предоставлению по запросу Банка информации и документов, относящихся к проводимым по соответствующему банковскому счету Клиента счету банковским операциям, в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка;
8) Клиенттің төлем тапсырмасын онда көрсетілген делдал банк, оның ішінде шетелдік корреспондент банк арқылы кез келген негіздер бойынша орындау мүмкін болмағанда, соның ішінде тиісті делдал банк Клиент нұсқауын орындаудан бас тартқанда;	8) невозможности исполнения платежного поручения Клиента через указанный в нем банк-посредник, в том числе, иностранный банк-корреспондент, по любым основаниям, в том числе, в случае отказа соответствующего банка-посредника в исполнении соответствующего указания Клиента;
9) Қаржылық мониторингке жататын операциялар кезінде Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген ақпарат пен құжаттар Банктің сұрауы бойынша ұсынылмағанда;	9) не предоставления по запросу Банка информации и документов, предусмотренных законодательством Республики Казахстан по вопросам противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, финансирования терроризма и финансирования распространения оружия массового уничтожения–при совершении операций, подлежащих финансовому мониторингу;
10) Операция қатысушылары төмендегі тізімдерде болса немесе оларда көрсетілген тұлғалармен байланысты/үлестес болса: – халықаралық санкциялық тізімдер; – жекелеген мемлекеттердің санкциялық тізімдері; – жекелеген мемлекеттердің клиенттердің ерекше/тыйым салынған санаттарының тізімдері; – корреспондент банктердің қызмет көрсетуге қолайсыз/тыйым салынған клиенттер тізімдері;	10) если участники такой операции находятся в указанных ниже списках или связаны/аффилиированы с лицами, указанными в: - международных санкционных списках; - санкционных списках отдельных государств; - списках особых/запрещенных категорий клиентов отдельных государств; - списках нежелательных/запрещенных для обслуживания клиентов банков-корреспондентов;

11) Клиент Банкке дұрыс емес ақпарат, жарамсыз, жалған құжаттар ұсынғанда;	11) представления Клиентом в Банк недостоверной информации, недействительных, поддельных документов;
12) Банк уәкілетті мемлекеттік органдардан Клиенттің/Төлем карточкасын ұстаушының қылмыс жасағанын/Клиенттің/Төлем карточкасын ұстаушының/Қосымша төлем карточкасын ұстаушының қылмыс жасады деген күдікке ілінгенін/алаяқтық төлем транзакцияларына қатысқанын/қаржы-экономикалық қызмет саласында құқық бұзушылық жасағанын көрсететін ақпарат/мәліметтер алғанда;	12) при получении Банком от уполномоченных государственных органов информации/сведении, свидетельствующих о совершении Клиентом/держателем Платежной карточки /подозрении Клиента/Держателя Платежной карточки/держателя дополнительной платежной карточки в совершении преступления/ об участии в мошеннических платежных транзакциях/правонарушения в сфере финансовой и экономической деятельности;
13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, банк тәжірибесінде қолданылатын іскерлік айналым әдет-ғұрыптарында көзделген өзге жағдайларда.	13) в иных случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан, обычаями делового оборота, применяемыми в банковской практике.
5.1.16. Белгілі бір орындарда және/немесе елдерде Төлем карточкаларын пайдалануға біржақты тәртіппен тыйым салуға.	5.1.16. Запретить в одностороннем порядке использование Платежных карточек в определенных местах и/или странах.
5.1.17. Кез келген уақытта өз қалауы бойынша Карточканы пайдалануға байланысты операциялар, қызметтер және функциялар жиынтығын өзгертуге.	5.1.17. В любой момент по собственному усмотрению изменять набор операций, услуг и функций, связанных с использованием Карточки.
5.1.18. Төлем карточкасының ағымдағы шоты жабылғанда Төлем карточкасының күшін жоюға. Негізгі төлем карточкасының күші жойылғанда және/немесе Төлем карточкасының ағымдағы шоты жабылғанда осы шотқа ресімделген қосымша төлем карточкасының (карточкаларының) күшін жоюға.	5.1.18. Анулировать Платежную карточку в случае закрытия Текущего счета Платежной карточки. Аннулировать дополнительную (-ые) платежную (-ые) карточку (-и) оформленные по Текущему счету Платежной карточки в случае аннулирования основной платежной карточки и/или закрытия Текущего счета Платежной карточки.
5.1.19. Банк алдындағы берешекті төлеу мерзімі өткен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Клиентке Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімінің өтіп кеткені және/немесе Шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттігі туралы, Клиенттің өз міндеттемелерін орындамауының салдарын көрсете отырып, ауызша хабарлауға және кейіннен жазбаша хабарлама жіберуге. Хабарлау телефон қоңырауы (Клиент/қосымша төлем карточкасын ұстаушы көрсеткен кез келген телефон нөміріне), SMS-хабарлама, электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. Қоңырау кез келген күні (демалыс және мереке күндерін	5.1.19. Устно уведомлять Клиента в течение 10 (десяти) календарных дней с даты возникновения просрочки по оплате задолженности перед Банком, о просрочке исполнения обязательства по Договору и/или необходимости внесения платежей по Договору, с указанием последствий невыполнения Клиентом своих обязательств, с последующим направлением письменного уведомления. Уведомление осуществляется посредством телефонного звонка (на любой номер телефона, указанный Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки), sms-уведомления, сообщения по электронной почте. Звонок

қоса алғанда) сағат 9:00-ден 21:00-ге дейін шалынуы мүмкін. Бұл ретте көрсетілген байланыс арналары арқылы берілетін ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу тәуекелін Клиент/қосымша төлем карточкасын ұстаушы көтереді.	может быть осуществлен в любые дни (включая выходные и праздничные) с 9-00 до 21-00 часов, при этом риск несанкционированного доступа к передаваемой информации по указанным каналам связи несет Клиент/Держатель дополнительной платежной карточки.
5.1.20. Шарттың, Қағидалардың және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерінде айқындалған өзге құқықтарды жүзеге асыруға.	5.1.20. Осуществлять иные права, определенные положениями Договора, Правил и/или действующего законодательства Республики Казахстан.
5.2. Клиент құқылы:	5.2. Клиент вправе:
5.2.1. Шарттың, Қағидалардың, Банк Тарифтерінің және Банктің өзге ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, Төлем карточкасының ағымдағы шотына/Төлем карточкасына қызмет көрсету бойынша Банк көрсететін қызметтердің толық кешенін алуға.	5.2.1. Получать полный комплекс услуг, оказываемых Банком по обслуживанию Текущего счета Платежной карточки/Платежной карточки с учетом условий Договора, Правил, Тарифов Банка и иных внутренних документов Банка.
5.2.2. Банктен Төлем карточкасының ағымдағы шотының жай-күйі туралы мәліметтер алуға.	5.2.2. Получать от Банка сведения о состоянии Текущего счета Платежной карточки.
5.2.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Шартқа, Қағидаларға және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Төлем карточкасының ағымдағы шотындағы ақшаға билік етуге, сондай-ақ Төлем карточкасы үшін жұмсау лимитін белгілеу арқылы ақшаның жұмсалуын бақылауға (оның ішінде алаяқтықтан немесе Төлем карточкасы деректемелерін рұқсатсыз пайдаланудан туындайтын тәуекелдерді азайту мақсатында).	5.2.3. Распоряжаться деньгами, находящимися на Текущем счете Платежной карточки, в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, Договором, Правилами и/или внутренними документами Банка, а также осуществлять контроль расходования денег (в том числе с целью сокращения рисков от мошенничества или несанкционированного использования реквизитов Платежной карточки) путем установления лимита расходования для Платежной карточки.
5.2.4. Тиісті түрде ресімделген сенімхаттың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және/немесе Банктің ішкі қағидаларының талаптарына сәйкес өзге де құжаттардың негізінде өзінің уәкілетті тұлғасына (өкіліне) Төлем карточкасының ағымдағы шотына билік ету, Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша үзінді көшірмелер (анықтамалар) алу құқығын беруге.	5.2.4. Предоставлять право распоряжения Текущим счетом Платежной карточки, получения выписок (справок) по Текущему счету Платежной карточки своему уполномоченному лицу (представителю) на основании надлежащим образом оформленной доверенности, а также других документов в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан и/или внутренних правил Банка.
5.2.5. Төлем карточкасының ағымдағы шотындағы ақша қалдығы шегінде Төлем карточкасын пайдалана отырып, Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша карточкалық операцияларды жүзеге асыруға.	5.2.5. Осуществлять Карточные операции по Текущему счету Платежной карточки с использованием Платежной карточки в пределах остатка денег на Текущем счете Платежной карточки.
5.2.6. Шарт талаптарын ескере отырып, Төлем карточкасын бұғаттау/бұғаттан шығару/күшін	5.2.6. Обращаться в Банк с устным и/или письменным заявлением о блокировании/

жою туралы ауызша және/немесе жазбаша өтінішпен Банкке жүгінуге.	разблокировании/аннулировании Платежной карточки с учетом условий Договора.
5.2.7. Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша қаражат жұмсау лимитін өзгерту/жою күніне дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тиісті өтініште көрсете отырып, Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша қаражат жұмсау лимитін белгілеуге/өзгертуге/жоюға. Қаражат жұмсау лимиттерінің мөлшерін, сондай-ақ оларды белгілеу тәртібі мен талаптарын Банк дербес айқындайды.	5.2.7. Устанавливать/изменять/отменять лимит расходования по Текущему счету Платежной карточки, указывая об этом в соответствующем заявлении согласно внутренним документам Банка, не менее чем за 5 (пять) рабочих дня до даты изменения/отмены лимита расходования по Текущему счету Платежной карточки. Величина лимитов расходования, а также порядок и условия их установления, определяются Банком самостоятельно.
5.2.8. Үшінші тұлғалардың Төлем карточкасының ағымдағы шотын рұқсатсыз пайдалануына және оның жай-күйі туралы ақпарат алуына жол бермеу үшін Код сөзін белгілеуге және өзгертуге, Банктің тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төлей отырып, Банктің «SMS-хабарлама» қызметіне қосылуға.	5.2.8. Для предотвращения несанкционированного использования и получения информации о состоянии Текущего счета Платежной карточки третьими лицами, устанавливать и изменять Кодовое слово, подключаться к услуге Банка «SMS-уведомление» с оплатой комиссионного вознаграждения согласно Тарифам Банка.
5.2.9. Банктің тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төлей отырып, Төлем карточкасының ағымдағы шоты бойынша қосымша үзінді көшірме алуға.	5.2.9. Получать дополнительную выписку по Текущему счету Платежной карточки с оплатой комиссионного вознаграждения согласно Тарифам Банка.
5.2.10. Егер Техникалық карточкалық овердрафт сомасын немесе Клиенттің өзге берешегін төлеу күні демалыс не мереке күніне сәйкес келсе, Шарт ережелерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлемей, көрсетілген сомаларды одан кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей төлеуге. Клиент Техникалық карточкалық овердрафтты немесе Банк алдындағы өзге берешек сомасын көрсетілген мерзімде төлемеген жағдайда, осы тармақшаның ережесі қолданылмайды. Бұл ретте Банк Клиенттің Техникалық карточкалық овердрафт сомасын немесе Банк алдындағы өзге берешек сомасын төлеу мерзімін өткізіп алған күнінен бастап, оның ішінде демалыс/мереке күні үшін де тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін есептеуге құқылы.	5.2.10. В случае, если дата оплаты суммы Технического карточного овердрафта или иной задолженности Клиента выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату указанных сумм не позднее следующего за ним рабочего дня без уплаты неустойки и иных видов штрафных санкций с учетом положений Договора. Положение настоящего подпункта не применяется при неоплате Клиентом Технического карточного овердрафта или иной суммы задолженности перед Банком в указанный срок, при этом Банк вправе начислять неустойку и иные виды штрафных санкций, начиная с даты просрочки Клиентом оплаты суммы Технического карточного овердрафта или иной суммы задолженности перед Банком, в том числе и за выходной/праздничный день.
5.2.11. Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерінде айқындалған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.	5.2.11. Осуществлять иные права, определенные положениями Договора и/или действующего законодательства Республики Казахстан.
6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	**6. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН**
6.1. Тараптар өздерінің міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиіссіз түрде	6.1. Стороны несут ответственность за неисполнение и/или ненадлежащее

орындағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе Келісімшартқа сәйкес жауапкершілік көтереді.	исполнение своих обязательств в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и/или Договором..
6.2. Банк	6.2. Банк несет ответственность:
6.2.1. Банктің кінәсінен Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша қате жүргізілген операция үшін жауапты болады. Жауапкершілік Банктің қате жүргізілген операцияны жоюымен шектеледі;	6.2.1. за ошибочно произведенную операцию по Текущему счету Платежной карточки по вине Банка. Ответственность ограничивается отменой Банком ошибочно произведенной операции;
6.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарттың талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің операциялары бойынша банктік құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады, бұл ретте айырылып қалған пайда мен моральдық зиян өтелуге жатпайды;	6.2.2. за разглашение банковской тайны по операциям Клиента, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и условиями Договора, - в соответствии с законодательством Республики Казахстан, при этом упущенная выгода и моральный вред возмещению не подлежат;
6.2.3. егер Шартта, Өтініште, Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді растайтын өзге құжаттарда өзгеше көзделмесе, Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының (-лардың) дербес деректерін жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады, бұл ретте айырылып қалған пайда мен моральдық зиян өтелуге жатпайды;	6.2.3. за разглашение персональных данных Клиента/Держателя (-ей) дополнительной платежной карточки, если иное не предусмотрено Договором, Заявлением, законодательством Республики Казахстан и/или иными документами, подтверждающими согласие на сбор и обработку персональных данных, - в соответствии с законодательством Республики Казахстан, при этом упущенная выгода и моральный вред возмещению не подлежат;
6.2.4. Шарттың 2.8-тармағына сәйкес Клиенттің Төлем карточкасының жоғалғаны, ұрланғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы хабарламасы күшіне енгеннен кейін Банктің кінәсінен жасалған рұқсатсыз төлемді жүзеге асырғаны үшін жауапты болады. Рұқсатсыз төлемді жүзеге асыруға байланысты залалдар Банктің Төлем карточкасының Ағымдағы шотына рұқсатсыз төлем сомасын және рұқсатсыз төлемді жүзеге асырғаны үшін комиссия сомасын (ол болған жағдайда) қайтаруы түрінде өтеледі, бұл ретте айырылып қалған пайда мен моральдық зиян өтелуге жатпайды;	6.2.4. за осуществление несанкционированного платежа, совершенного по его вине, после вступления в силу уведомления Клиента об утере, краже или несанкционированном использовании Платежной карточки согласно п. 2.8. Договора. Убытки, связанные с осуществлением несанкционированного платежа, возмещаются в виде возврата Банком на Текущий счет Платежной карточки суммы несанкционированного платежа и комиссии за осуществление несанкционированного платежа (при ее наличии), при этом упущенная выгода и моральный вред возмещению не подлежат;
6.2.5. Шарттың талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, төлем құжатын уақтылы орындамағаны және/немесе Төлем карточкасының Ағымдағы шотына ақшаны уақтылы есепке жатқызбағаны үшін уақтылы орындалмаған төлем құжатының сомасынан/Төлем карточкасының Ағымдағы шотына уақтылы есепке жатқызылмаған ақша	6.2.5. за несвоевременное исполнение платежного документа и/или зачисление денег на Текущий счет Платежной карточки в размере неустойки 0,001% от суммы несвоевременно исполненного платежного документа/от несвоевременно зачисленной суммы денег на Текущий счет Платежной карточки, но не более 1 (одного) месячного

сомасынан 0,001% мөлшерінде, бірақ 1 (бір) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын тұрақсыздық айыбы мөлшерінде жауапты болады.	расчетного показателя, за исключением случаев, предусмотренных условиями Договора.
6.3. Банк мына жағдайлар үшін жауапты емес:	6.3. Банк не несет ответственность:
6.3.1. Клиент, Банк және/немесе үшінші тарап белгілеген, Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының мүдделеріне қандай да бір дәрежеде әсер етуі мүмкін Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша жұмсау лимиттері, шектеулер үшін;	6.3.1. за лимиты расходования, ограничения по Текущему счету Платежной карточки, установленные Клиентом, Банком и/или третьей стороной, которые в какой-либо степени могут затронуть интересы Клиента /Держателя дополнительной платежной карточки;
6.3.2. Клиенттің жоғалған/ұрланған, рұқсатсыз қол жеткізу мүмкіндігі бар Төлем карточкасын (-ларын) бұғаттау туралы Банкке уақтылы хабарламауының салдары үшін, сондай-ақ Төлем карточкасын (-ларын) және/немесе CVP/ПИН-код туралы ақпаратты, Карточканың (-лардың) деректерін/деректемелерін және/немесе Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының өзге сәйкестендіру деректерін алған тұлғалардың әрекеттері үшін;	6.3.2. за последствия несвоевременного уведомления Клиентом Банка о блокировании утерянной (-ых)/похищенной (-ых) Платежных арточки (-чек), к которой имеется несанкционированный доступ, а также за действия лиц, которые получили Платежную карточку (-и) и/или информацию о CVP/ПИН-коде, данных/реквизитов Карточки (-чек) и/или иных идентификационных данных Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки);
6.3.3. Шартқа сәйкес пайдаланылатын, Клиенттің өтінішіне сай келетін байланыс арналары арқылы деректерді беру кезінде олардың құпиялылығының бұзылу мүмкіндігі үшін;	6.3.3. за возможность компрометации при передаче данных по используемым согласно Договору, соответствующим заявлению Клиента каналам связи;
6.3.4. Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, Төлем карточкасының Ағымдағы шотындағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдері/қаулылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа сәйкес ақшаны акцептсіз алып қоюға құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары келіп түскен кезде, Төлем карточкасының Ағымдағы шотына мемлекеттік бюджеттен төленетін жәрдемақылар және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер түскен жағдайда, Төлем карточкасының Ағымдағы шоты жәрдемақыларды есепке жатқызуға арналмағандықтан, Төлем карточкасының Ағымдағы шотын/Төлем карточкасын бұғаттаудың, оның ішінде Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрудың және	6.3.4. за последствия блокирования Текущего счета Платежной карточки/Платежной карточки, в том числе с приостановлением расходных операций по Текущему счету Платежной карточки, и обращения взыскания на деньги на Текущем счете Платежной карточки при поступлении в Банк решений/постановлений уполномоченных государственных органов и/или должностных лиц о приостановлении расходных операций по Текущему счету Платежной карточки, аресте денег на Текущем счете Платежной карточки, а также указаний третьих лиц, имеющих право безакцептного изъятия денег в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Договором, в случае поступления на Текущий счет Платежной карточки пособий, выплачиваемых из государственного бюджета, и (или) социальных выплат из Государственного фонда социального страхования, поскольку Текущий счет

Төлем карточкасының Ағымдағы шотындағы ақшаға өндіріп алуды қолданудың салдары үшін;	Платежной карточки не предназначен для зачисления пособий;
6.3.5. Банк Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының нұсқауларына сәйкес Шарттың осы ережесінде көрсетілген Клиенттің тиісті банктік шотынан ақшаны уақтылы есептен шығарған және/немесе Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының нұсқауын акцептеген жағдайда, Төлем карточкасының Ағымдағы шоты/ағымдағы шот бойынша операцияларды орындамағаны және/немесе уақтылы орындамағаны үшін, сондай-ақ Клиент/қосымша төлем карточкасын Ұстаушы төлем тапсырмасында көрсеткен бенефициардың (алушының) банктерінің төлемді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін және/немесе электр энергиясының өшірілуі, байланыс желілерінің зақымдануы, Банктің бағдарламалық қамтылымындағы ақау, банкаралық ақша аудару жүйесінің, Процессингтік ұйымның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның бөлімшелерінің, корреспондент банктердің және есеп айырысу операциясына қатысатын өзге үшінші тұлғалардың өз функцияларын орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы, Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының түсініксіз, толық емес немесе дәл емес нұсқаулары салдарынан туындайтын қателер, қате түсіндіру және т.б., үшінші тұлғалардың төлемдерді (аударымдарды) орындамауы немесе орындауды кешіктіруі нәтижесінде туындаған төлемдерді (аударымдарды) орындауды/акцептелген төлем тапсырмасын орындауды кешіктіру үшін, тыңдау, байланыс арналарындағы ақпаратты ұстап алу немесе техникалық құрылғылармен көшіру нәтижесінде Төлем карточкасының Ағымдағы шоты (оның деректемелері), Клиенттің (қосымша төлем карточкасын Ұстаушының) өзге сәйкестендіру деректері, тиісінше, Кодтық сөз, ПИН-код//CVP немесе Клиент/қосымша Карточканы Ұстаушы жүргізген операциялар туралы ақпарат Банктің кінәсінсіз үшінші тұлғаларға белгілі болған жағдайда, сондай-ақ Клиенттің/қосымша Карточканы Ұстаушының Шарттың талаптарын, Қағидаларды, Төлем жүйесінің қағидаларын, Қазақстан	6.3.5. за неисполнение и/или несвоевременное исполнение операций по Текущему счету Платежной карточки/текущему счету, при условии, что Банк своевременно списал деньги с указанного в настоящем положении Договора соответствующего банковского счета Клиента в соответствии с указаниями Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки и/или акцептовал указание Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки, а также за неисполнение и/или ненадлежащее исполнение платежа банками бенефициара (получателя), указанными Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки в платежном поручении, и/или за задержку исполнения платежей (переводов)/исполнения акцептованного платежного поручения, возникшую в результате отключения электроэнергии, повреждения линий связи, сбоя в программном обеспечении Банка, неисполнения и/или ненадлежащего исполнения функций межбанковской системы перевода денег, Процессинговой организации, Национального Банка Республики Казахстан его подразделений, банков-корреспондентов и иных третьих лиц, участвующих в расчетной операции, ошибок, неверного толкования и т.п., возникающих вследствие неясных, неполных или неточных указаний Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки, неисполнения или задержек в исполнении платежей (переводов) третьими лицами, в случае, если в результате прослушивания, перехвата каналов связи или копирования техническими устройствами, информация о Текущем счете Платежной карточки (ее реквизитах), иных идентификационных данных Клиента (Держателя дополнительной платежной карточки), соответственно, Кодовом слове, ПИН-коде//CVP или проведенных Клиентом/Держателем дополнительной Карточки операциях не по вине Банка станет известной третьим лицам, а также за нарушение Клиентом/Держателем дополнительной Карточки условий Договора, Правил, правил Платежной системы,

Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін және/немесе Банкке байланысты емес басқа себептер бойынша;	требований законодательства Республики Казахстан и/или по другим причинам, не зависящим от Банка;
6.3.6. үшінші тарап белгілеген, Клиенттің (қосымша төлем карточкасын Ұстаушының) мүдделеріне қандай да бір дәрежеде әсер етуі мүмкін Төлем карточкасының Ағымдағы шоты/Төлем карточкасы бойынша қосымша сыйақылар үшін;	6.3.6. за дополнительные вознаграждения по Текущему счету Платежной карточки/Платежной карточке, установленные третьей стороной, которые в какой-либо степени могут затронуть интересы Клиента (Держателя дополнительной платежной карточки);
6.3.7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда, шетелдік заңнаманың талаптарына, оның ішінде FATCA талаптарына сәйкес үшінші тұлғалардың Төлем карточкасының Ағымдағы шотынан оның келісімінсіз (акцептінсіз) ақшаны негізді/негізсіз алып қоюы, ұстап қалуы (есептен шығаруы) немесе тиісінше Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша операцияларды тоқтата тұруы үшін және осындай алып қоюдан, ұстап қалудан (есептен шығарудан) немесе тоқтата тұрудан келтірілген залалдар үшін;	6.3.7. за обоснованное/необоснованное изъятие, удержание (списание) денег третьими лицами с Текущего счета Платежной карточки без его согласия (акцепта) либо приостановление операций по Текущему счету Платежной карточки, соответственно, в случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан, в соответствии с требованиями иностранного законодательства, в том числе требованиями FATCA, и за убытки, причиненные таким изъятием, удержанием (списанием) либо приостановлением;
6.3.8. қолтаңбаның заңдылығы жеткіліксіз болуы нәтижесінде Банктің Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының және/немесе үшінші тұлғалардың жалған нұсқауларын орындауы салдарынан келтірілген залалдар үшін, сондай-ақ Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының (уәкілетті тұлғаның) Шарт талаптарының, Қағидалардың, Банктің мөлшерлемелері мен Тарифтерінің, Шарт талаптарының, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және/немесе Шарт шеңберіндегі өзге талаптардың өзгеруі туралы хабардар болмауы үшін;	6.3.8. за убытки, причиненные вследствие исполнения Банком поддельных указаний Клиента (его уполномоченного лица)/Держателя дополнительной платежной карточки и/или третьих лиц, в результате недостаточной легитимности подписи, а также за неосведомленность Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки об изменении условий Договора, Правил, ставок и Тарифов Банка, условий Договора, действующего законодательства Республики Казахстан и/или иных требований в рамках Договора;
6.3.9. төлем құжаттары тиісінше ресімделмеген жағдайда Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша операциялардың уақтылы жүргізілмеуі үшін, сондай-ақ Клиентте үшінші тұлғалардан/үшінші тұлғаларға қатысты туындайтын кез келген талаптарға және/немесе дауларға байланысты үшінші тұлғалар үшін және/немесе үшінші тұлғалар алдында;	6.3.9. за несвоевременное проведение операций по Текущему счету Платежной карточки в случае ненадлежащего оформления платежных документов, а также за третьих лиц и/или перед третьими лицами в отношении любых претензий и/или споров, возникающих у Клиента от/к третьих (-им) лиц(-ам);
6.3.10. Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының қателері немесе ол берген тапсырмалардың не өкімдердің кез келгенінің қайталануы үшін жауапты болмайды.	6.3.10. за ошибки Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки или дублирование какого-либо из данных им поручений или распоряжений. В случаях

Клиент/қосымша төлем карточкасын Ұстаушы алушыларға ақшаны негізсіз немесе қате аударған жағдайда, Клиент тиісті сомаларды қайтару мәселесін олардың алушыларымен өзі реттейді;	необоснованного или ошибочного перечисления Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки денег получателям Клиент самостоятельно урегулирует вопрос возврата соответствующих сумм с их получателями;
6.3.11. шетелдік заңнаманың талаптарына, оның ішінде FATCA талаптарына сәйкес немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органының, оның ішінде АҚШ салық қызметінің нұсқауы бойынша төлемді немесе аударымды орындаудың мүмкін болмауы, оның ішінде қайтару, бас тарту, бұғаттау, аударым/төлем сомасын акцептсіз алып қою, соның ішінде корреспондент банктің (контрагент банктің) АҚШ салық қызметінің пайдасына кез келген төлем/операция сомасының 30% мөлшеріндегі салықты акцептсіз ұстап қалуы үшін, сондай-ақ осыған байланысты Клиентке келтірілген залалдар үшін;	6.3.11. за невозможность исполнения платежа или перевода, включая возврат, отказ, блокировку, безакцептное изъятие суммы перевода/платежа, в том числе безакцептное удержание банком-корреспондентом (банком-контрагентом) в пользу налоговой службы США налога в размере 30% от суммы любого платежа/операции, в соответствии с требованиями иностранного законодательства, в том числе требованиями FATCA, или по указанию уполномоченного государственного органа иностранного государства, в том числе налоговой службы США, а также за убытки, причиненные в связи с этим Клиенту.
6.3.12. Клиенттің Интернет желісінде Карточкалық операцияларды жүргізуге қойылған шектеулерді өшіруінің салдары үшін жауапты болмайды және көрсетілген жағдайда Төлем карточкасының Ағымдағы шотынан рұқсатсыз алынған ақша сомаларын Клиентке өтемейді;	6.3.12. за последствия отключения Клиентом ограничений на проведение Карточных операций в сети Интернет и не возмещает Клиенту денежные суммы, несанкционированно изъятые с Текущего счета Платежной карточки в указанном случае;
6.3.13. Қазақстан Республикасының күшіне енген нормативтік құқықтық актілеріне, шетелдік заңнамаға, халықаралық/үкіметаралық келісімдерге, FATCA талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының ұсынымдарына байланысты орын алған Шарт талаптарының өзгеруі үшін;	6.3.13. за изменение условий Договора, которые произошли в силу вступивших в действие нормативных правовых актов Республики Казахстан, иностранного законодательства,международных/межправительственных соглашениями, требований FATCA, и/или рекомендаций уполномоченных органов Республики Казахстан.
6.3.14. егер үшінші тұлғалар Клиенттің тиісті нұсқауы негізінде ашық байланыс арналары арқылы Банкке сұрау салуға бастамашылық жасаған болса, осындай арналар арқылы (оның ішінде Банктің ақпараттық-төлем терминалдары және т.б. арқылы) мұндай ақпаратқа қол жеткізген үшінші тұлғаларға банктік құпияның ашылуы үшін жауапты болмайды.	6.3.14. за раскрытие банковской тайны третьим лицам, получившим доступ к такой информации по открытым каналам связи (в том числе через информационно-платежные терминалы Банка и т.п.), если такие лица инициировали запрос Банку по таким каналам связи на основании соответствующего указания Клиента.
6.4. Клиент мыналарға жауапты:	6.4. Клиент несет ответственность:
6.4.1. Шартта, оның ішінде Қағидалардың ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өз міндеттерін	6.4.1. за неисполнение/ненадлежащее исполнение своих обязанностей, предусмотренных Договором, в том числе, положениями Правил, и действующего

орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады. Егер Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының Шарт талаптарын, оның ішінде Қағидаларды бұзуы Төлем жүйесі немесе үшінші тұлғалар тарапынан Банкке қаржылық талаптардың қойылуына әкеп соқса, осының салдарынан Банк шеккен барлық шығындарды Клиент толық көлемде өтеуге тиіс;	законодательства Республики Казахстан. В случае если нарушение условий Договора Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки, в том числе, Правил, повлечет за собой предъявление финансовых претензий к Банку со стороны Платежной системы или третьих лиц, все издержки, понесенные вследствие этого Банком, должны быть возмещены Клиентом в полном объеме;
6.4.2. Техникалық карточкалық овердрафттың туындауына жол бергені үшін бұзушылықтың әрбір күнтізбелік күніне Техникалық карточкалық овердрафт сомасының 0% (нөл пайыз) мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбы мөлшерінде жауапты болады;	6.4.2. за допущение возникновения Технического карточного овердрафта в размере неустойки 0 % (ноль процента) от суммы Технического карточного овердрафта за каждый календарный день нарушения;
6.4.3. жоғалған/ұрланған Төлем карточкасын (-ларын) бұғаттау туралы, Төлем карточкалары бойынша алаяқтық тәуекелі жоғары елдерге барғаннан кейін, оның ішінде қосымша төлем карточкаларын Ұстаушылар барғаннан кейін Төлем карточкасын қайта шығару/ауыстыру туралы өтінішпен Банкке уақтылы жүгінбеуінің салдары үшін, сондай-ақ Төлем карточкасын осылай қайта шығарудан/ауыстырудан (кез келген негіз бойынша) бас тартудың салдары үшін Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде жауапты болады. Бұл ретте Банк жауапты болмайды және көрсетілген жағдайларда Төлем карточкасының Ағымдағы шотынан рұқсатсыз алынған ақша сомаларын өтемейді;	6.4.3. за последствия несвоевременного обращения в Банк о блокировании утерянной (-ых)/похищенной (-ых) Платежной карточки (-ек), с заявлением о перевыпуске/замене Платежной карточки после посещения стран с повышенным риском мошенничества по Платежным карточкам, в том числе Держателями дополнительных платежных карточек, а также за последствия отказа (по любым основаниям) от такого перевыпуска/замены Платежной карточки в полном объеме причиненного Банку ущерба. При этом Банк не несет ответственность и не возмещает денежные суммы, несанкционированно изъятые с Текущего счета Платежной карточки в указанных случаях;
6.4.4. Банктің Тарифтеріне сәйкес Банктің Қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны үшін мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күнге төленуге жататын соманың 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбы мөлшерінде жауапты болады;	6.4.4. за невыполнение обязательств по оплате Услуг Банка в соответствии с Тарифами Банка в размере неустойки 0,5 % (ноль целых пять десятых процента) от подлежащей к оплате суммы за каждый календарный день просрочки;
6.4.5. Төлем карточкасының Ағымдағы шотына қате есепке жатқызылған ақшаны Банкке қайтармағаны үшін Төлем карточкасының Ағымдағы шотына қате есепке жатқызылған ақшаны қайтару жөніндегі міндеттемені орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы қайта қаржыландыру мөлшерлемесі негізінде есептелетін және мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күнге есепке жазылатын тұрақсыздық айыбы мөлшерінде жауапты болады;	6.4.5. за невозврат в Банк денег, ошибочно зачисленных на Текущий счет Платежной карточки, в размере неустойки, которая исчисляется исходя из действующей ставки рефинансирования Национального Банка Республики Казахстан на день исполнения обязательства по возврату ошибочно зачисленных денег на Текущий счет Платежной карточки, соответственно, и начисляется за каждый календарный день просрочки;

6.4.6. Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының кінәсінен Банк шеккен шығыстар мен сот шығындары үшін, оның ішінде Клиент/қосымша төлем карточкасын Ұстаушы Банкке негізсіз талап қойған жағдайда, Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде жауапты болады;	6.4.6. за расходы и судебные издержки, понесенные Банком по вине Клиента/Держателя дополнительной платежной карточки, в полном объеме ущерба, причиненного Банку, в том числе в случае предъявления Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки в Банк необоснованной претензии;
6.4.7. Банктің сұрау салуы бойынша даулы жағдайды қарау туралы өтінішті және/немесе Қағидаларға және/немесе Банктің өзге ішкі құжаттарына сәйкес даулы жағдайға қатысты құжаттарды ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін;	6.4.7. непредставление или несвоевременное представление по запросу Банка заявления на рассмотрение спорной ситуации и/или документов, относящихся к спорной ситуации согласно Правилам и/или иным внутренним документам Банка;
6.3.2. Клиенттің жоғалған/ұрланған, рұқсатсыз қол жеткізу мүмкіндігі бар Төлем карточкасын (-ларын) бұғаттау туралы Банкке уақтылы хабарламауының салдары үшін, сондай-ақ Төлем карточкасын (-ларын) және/немесе CVP/ПИН-код туралы ақпаратты, Карточканың (-лардың) деректерін/деректемелерін және/немесе Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының өзге сәйкестендіру деректерін алған тұлғалардың әрекеттері үшін;	6.4.8. по всем Карточным операциям (транзакциям) по Текущему счету Платежной карточки, совершенным посредством Платежной карточкой, до окончания срока действия Платежной карточки или до даты, следующей за датой получения Банком заявления по форме Банка об отказе от пользования Платежной карточки или до даты прекращения действия Договора;
6.4.9. Банкке ұсынылатын құжаттар мен мәліметтердің анықтығы үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шарттың талаптарына, халықаралық/үкіметаралық келісімдерге және/немесе FATCA талаптарына және/немесе Банктің талаптарына сәйкес ұсынылуы талап етілетін құжаттарды және/немесе мәліметтерді Банкке ұсынбау және/немесе уақтылы ұсынбау нәтижесінде туындайтын барлық залалдар мен тәуекелдер үшін.	6.4.9. за достоверность представляемых в Банк документов и сведений, а также за все убытки и риски, возникающие в результате непредставления и/или несвоевременного представления в Банк документов и/или сведений, предоставление которых требуется в соответствии с законодательством Республики Казахстан, условиями Договора, международными/межправительственными соглашениями и/или требованиями FATCA и/или требованиями Банка.
6.4.10. Интернет желісінде Карточкалық операцияларды жүргізуге қойылған шектеулерді өшірудің салдары үшін Банкке/Клиентке келтірілген залалдың толық көлемінде.	6.4.10. за последствия отключения ограничений на проведение Карточных операций в сети Интернет в полном объеме причиненного Банку/Клиенту ущерба.
6.4.11. Шарттың 4.2-тармағының 4.2.7., 4.2.12. тармақшаларында көрсетілген өзгерістер туралы мәліметтерді, сондай-ақ осындай өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсыну міндетін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін 5 000,00 (бес мың) теңге мөлшеріндегі айыппұл, сондай-ақ Банктің талабы бойынша Банк шеккен залалдар/шығыстар мөлшерінде;	6.4.11. за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязанности по предоставлению сведений об изменениях, указанных в пп. 4.2.7., 4.2.12. п. 4.2. Договора, а также по предоставлению документов, подтверждающих такие изменения в размере штрафа 5 000,00 (пять тысяч) теңге, а также убытков/расходов, понесенных Банком, по требованию последнего;

6.4.12. АҚШ-тағы көздерден алынатын кірістерге (пайыздар, дивидендтер, сыйақылар, роялти, жалдау ақысы, американдық активтерді, оның ішінде бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім, сақтандыру шарттары бойынша төлемдер және басқалар) байланысты Клиенттің нұсқауы бойынша Банк жүзеге асыратын және/немесе Клиенттің нұсқауы бойынша Банк FATCA талаптарын сақтамайтын тұлғаның шотына және/немесе корреспондент банктің (контрагент банктің) пікірі бойынша АҚШ-та салық салынатын тұлға болып табылатын, ал аударылатын қаражаттың көзі АҚШ-пен байланысты кіріс болып табылатын тұлғаның шотына жүзеге асыратын және/немесе қатыспайтын қаржы ұйымында ашылған шотқа жіберілетін төлем/операция сомасының 30% мөлшеріндегі салықты корреспондент банктің (контрагент банктің) АҚШ салық қызметінің пайдасына акцептсіз ұстап қалуы үшін немесе егер осындай төлемді/операцияны Банк өзінің резиденттік мәртебесін (азаматтығы, салықтық резиденттігі, АҚШ тұлғасына жататынын/жатпайтынын растайтын өзге белгілер) хабарлаудан бас тартқан не толық емес/анық емес мәліметтер берген Клиенттің нұсқауы бойынша жүзеге асырса, осындай ұстап қалу мөлшерінде, сондай-ақ Банктің талабы бойынша Банк шеккен залалдар/шығыстар мөлшерінде.	6.4.12. за безакцептное удержание банком-корреспондентом (банком-контрагентом) в пользу налоговой службы США налога в размере 30% от суммы платежа/операции Банка, осуществляемого по указанию Клиента, связанного с доходами от источников в США (проценты, дивиденды, вознаграждения, роялти, арендная плата, выручка от продажи американских активов, в том числе ценных бумаг, выплаты по договорам страхования и прочее), и/или осуществляемого Банком по указанию Клиента на счет лица, не соблюдающего требования FATCA и/или на счет лица, которое по мнению банка-корреспондента (банка-контрагента) является налогооблагаемым в США лицом, а источником перечисляемых средств – доход, связанный с США, и/или направляемого на счет, открытый в не участвующей финансовой организации, либо если такой (-ая) платеж/операция осуществляется Банком по указанию Клиента, отказавшимся сообщить свой резидентский статус (гражданство, налоговое резидентство, иные признаки, подтверждающие принадлежность/непринадлежность к персоне США), либо предоставившим неполные/недостоверные сведения, - в размере такого удержания, а также убытков/расходов, понесенных Банком, по требованию последнего.
6.5. Банктің жауапкершілігінің туындауының міндетті шарты Банктің тарапынан қасақана кінәнің болуы болып табылады. Банктің Шарт бойынша жауапкершілігі тұрақсыздық айыбын/айыппұлды төлеумен және Шартта көзделген жағдайларда нақты, құжатпен расталған залал мөлшерімен шектеледі, бұл ретте айырылып қалған пайда мен моральдық зиян өтелмейді.	6.5. Обязательным условием наступления ответственности Банка является наличие умышленной вины со стороны Банка. Ответственность Банка по Договору ограничивается выплатой неустойки/штрафа и в случаях, предусмотренных Договором, размером реального документально подтвержденного ущерба, при этом, упущенная выгода и моральный вред, не возмещаются.
6.6. Банк Төлем жүйесінің құрамынан шығу туралы шешім қабылдауынан келтірілген залалдар үшін мүліктік жауапкершіліктен босатылады.	6.6. Банк освобождается от имущественной ответственности за убытки, причиненные принятием Банком решения о выходе из состава Платежной системы.
6.7. Банк алдында берешек туындаған жағдайда, Клиенттің берешегін төлеудің (өтеудің) мынадай кезектілігі белгіленеді:	6.7. В случае образования задолженности перед Банком, устанавливается следующая очередность оплаты (погашения) задолженности Клиента:

• Банктің міндеттемелердің орындалуына қол жеткізу жөніндегі шығындары (шығыстары); • Клиенттің тапсырмаларын орындауға байланысты комиссиялық сыйақы/Банктің шығыстары; • тұрақсыздық айыбы (өсімпұлдар, айыппұлдар); • Техникалық карточкалық овердрафт сомасы бойынша мерзімі өткен берешек; • Техникалық карточкалық овердрафт сомасы; • Шартқа сәйкес өзге ақша сомаларын есептен шығару.	• издержки (расходы) Банка по получению исполнения; • комиссионное вознаграждение/расходы Банка, связанные с исполнением поручений Клиента; • неустойка (пени, штрафы); • просроченная задолженность по сумме Технического карточного овердрафта; • сумма Технического карточного овердрафта; • списание прочих сумм денег в соответствии с Договором.
6.8. Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша, оның ішінде Төлем карточкаларын Ұстаушылардың операциялар жасауына және/немесе өзге Қызметтерді алуына қатысты өкімдердің (нұсқаулардың) заңдылығы үшін, сондай-ақ Төлем карточкасының Ағымдағы шотын ашуға, жүргізуге және жабуға, Төлем карточкасын шығаруға және оған қызмет көрсетуге, сондай-ақ ол бойынша Карточкалық операциялар жасауға негіз болатын, Банкке ұсынылатын құжаттардың және/немесе мәліметтердің анықтығы үшін Клиент толық көлемде жауапты болады.	6.8. За законность распоряжений (указаний) по совершению операций по Текущему счету Платежной карточки, в том числе, Держателями Платежных карточек, и/или получению иных Услуг а также за достоверность представляемых в Банк документов и/или сведений, служащих основанием для открытия, ведения и закрытия Текущего счета Платежной карточки, выпуск и обслуживание Платежной карточки, а также совершения Карточных операций по нему, несет Клиент в полном объеме.
6.9. Айыппұл санкцияларын есептеу және оларды төлеу туралы талап қою Тараптардың міндеті емес, құқығы болып табылады және егер оларды төлеу туралы талап қойылмаса, олар есептелуге және төленуге жатпайды. Тараптың айыппұл санкцияларын төлеуді талап ету құқығын пайдалануы кінәлі Тарапқа айыппұл санкцияларының есептелгені туралы жазбаша хабарлама жіберуі болып табылады.	6.9. Начисление и предъявление штрафных санкций является правом, а не обязанностью Сторон и если они не предъявлялись, то к начислению и оплате не подлежат. Использованием Стороной права требования уплаты штрафных санкций является направление виновной Стороне письменного уведомления о начислении штрафных санкций.
7. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ	**7. ОБСТОЯТЕЛЬСТВА НЕПРЕОДОЛИМОЙ СИЛЫ**
7.1. Егер тиісінше орындау еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни осы жағдайларда төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың, атап айтқанда: табиғи құбылыстардың, оның ішінде жер сілкіністерінің, өрттердің, соғыстың және/немесе әскери іс-қимылдардың, революциялардың, ереуілдердің, заңнамадағы өзгерістердің, Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін нормативтік актілердің қабылдануының және Тараптардың ақылға	7.1. Стороны освобождаются от ответственности за частичное, полное неисполнение или ненадлежащее исполнение своих обязательств по Договору, если надлежащее исполнение оказалось невозможным вследствие обстоятельств непреодолимой силы, то есть чрезвычайных и непредотвратимых при данных условиях обстоятельствах, как то: стихийные явления, в том числе землетрясения, пожары, война и/или военные действия, революции, забастовки, изменения в законодательстве, принятие

қонымды бақылауына жатпайтын әрі Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын мүмкін емес ететін немесе олардың орындалуын қалыптасқан табиғи апат жағдайларында мүмкін емес деп қарастыру орынды болатындай дәрежеде іс жүзінде жүзеге асыруға келмейтін ететін басқа да мән-жайлардың (бұдан әрі – «форс-мажорлық мән-жайлар») салдарынан мүмкін болмаса, Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара, толық орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы тармақта көрсетілген жағдайларда осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай форс-мажорлық мән-жайлар әрекет ететін уақытқа сәйкес ұзартылады.	нормативных актов, препятствующих исполнению Сторонами своих обязательств по Договору, и другие обстоятельства, которые не поддаются разумному контролю Сторон и которые делают невозможным исполнение Сторонами обязательств по настоящему Договору или же делает их исполнение настолько непрактичными, что разумно рассматривать как невозможное в сложившихся стихийных обстоятельствах, (далее – «форс-мажорные обстоятельства»). В случаях, указанных в настоящем пункте, срок исполнения обязательств по настоящему Договору отодвигается соразмерно времени, в течение которого будут действовать такие форс-мажорные обстоятельства.
7.2. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған Тарап олардың туындағаны, сондай-ақ олардың болжамды әрекет ету мерзімі туралы екінші Тарапқа мүмкіндігінше дереу, бірақ олар туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлайды.	7.2. О наступлении форс-мажорных обстоятельств, а также о предполагаемом сроке их действия, Сторона, для которой такие обстоятельства наступили, извещает в письменной форме другую Сторону, по возможности немедленно, но не позднее 3 (трех) рабочих дней с момента их наступления.
7.3. Осындай мән-жайлардың туындағаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау, мұндай хабарламау/уақтылы хабарламау форс-мажорлық мән-жайлардың өздерінің салдары болған жағдайларды қоспағанда, хабарламауға немесе уақтылы хабарламауға жол берген Тарапты міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде форс-мажорлық мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.	7.3. Не извещение или несвоевременное извещение о наступлении таких обстоятельств лишает права ссылаться на форс-мажорные обстоятельства как на основание, освобождающее от ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательств, Сторону допустившую не извещение или несвоевременное извещение, за исключением случаев, когда такое неизвещение/несвоевременное извещение явилось следствием самих форс-мажорных обстоятельств.
8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	**8. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ**
8.1. Шарттан немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар мүмкіндігінше келіссөздер арқылы шешеді.	8.1. Все разногласия и споры, которые могут возникнуть из Договора или в связи с ним, Стороны будут по возможности разрешать путем переговоров.
8.2. Егер Тараптар туындаған келіспеушіліктер мен даулар бойынша келіссөздер арқылы келісімге келмесе, барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен Банктің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының сотында –	8.2. В случае если Стороны не придут к соглашению по возникшим разногласиям и спорам путем переговоров, все спорные вопросы подлежат урегулированию в суде Республики Казахстан по месту нахождения Банка – Бостандыкском районном суде города Алматы в порядке и на условиях,

Алматы қаласының Бостандық аудандық сотында реттелуге жатады.	установленных действующим законодательством Республики Казахстан.
9. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ/ӨЗГЕРТУ ТАЛАПТАРЫ	**9. СРОК ДЕЙСТВИЯ ДОГОВОРА И УСЛОВИЯ ЕГО РАСТОРЖЕНИЯ/ИЗМЕНЕНИЯ**
9.1. Шарт Клиенттің Шартқа қосылған күнінен бастап күшіне енеді. Шарт Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес бұзылады, тоқтатылады.	9.1. Договор вступает в силу с даты присоединения Клиента к Договору. Договор расторгается, прекращается в соответствии с условиями Договора и положениями действующего законодательства Республики Казахстан.
9.2. Клиент Банк алдындағы кез келген барлық берешегін төлеу (өтеу) және ағымдағы шот және/немесе Төлем карточканың Ағымдағы шоты бойынша бар даулы транзакцияларды түпкілікті реттеу шартымен, Шартты бұзудың жоспарланған күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Банктің нысаны бойынша қол қойылған Шартты бұзу туралы Өтінішті ұсыну арқылы Банкке хабарлап, Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы. Көрсетілген Шартты бұзу туралы Өтінішті бере отырып, Клиент Төлем карточкасының Ағымдағы шотына шығарылған барлық Төлем карточкаларын Банкке қайтарады. Егер Клиент Шартты бұзу туралы Өтінішті Банкке берген кезде көрсетілген Төлем карточкасының Ағымдағы шотына шығарылған Төлем карточкаларының барлығын Банкке қайтармаса, Шартты бұзу туралы Өтінішті Банк қайтарылмаған Төлем карточкалары бұғатталғаннан, Клиент оларды бұғаттау құнын төлегеннен және Банк қызметкері олардың бұғатталғанын тексергеннен кейін ғана қабылдайды. Егер Клиент/қосымша төлем карточкасын Ұстаушы Шарттың талаптарында көзделген берешекті, оның ішінде Банк алдындағы берешекті төлеу міндеттерін орындамаса, Шарт тиісті бөлігінде міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады.	9.2. Клиент вправе расторгнуть Договор в любое время, уведомив об этом Банк путем предъявления подписанного по форме Банка Заявления о расторжении Договора не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней до планируемой даты расторжения Договора, при условии оплаты (погашения) любой всей задолженности перед Банком и окончательного урегулирования имеющихся спорных транзакций по текущему счету и/или Текущему счету Платежной карточки. Подавая указанное Заявление о расторжении Договора, Клиент возвращает в Банк все Платежные карточки, выпущенные к Текущему счету Платежной карточки. Если при подаче в Банк Заявления о расторжении Договора Клиент возвращает в Банк не все Платежные карточки, выпущенные к указанному Текущему счету Платежной карточки, то Заявление о расторжении Договора принимается Банком только после блокирования невозвращенных Платежных карточек, оплаты Клиентом стоимости их блокирования и проверки работником Банка факта их блокирования. Если Клиент/Держатель дополнительной платежной карточки не исполняет предусмотренные условиями Договора обязанности по оплате задолженности, в том числе перед Банком, Договор действует в соответствующей части до полного исполнения.
9.3. Төлем карточкасының Ағымдағы шотындағы соңғы операция күнінен бастап 12 (он екі) айдан астам уақыт бойы Төлем карточкасының Ағымдағы шотында ақша немесе Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша ақша қозғалысы болмаған жағдайда, Банк біржақты соттан тыс тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға және Клиенттің тиісті	9.3. Банк имеет право в одностороннем внесудебном порядке отказаться от исполнения Договора и закрыть Текущий счет Платежной карточки без соответствующего заявления Клиента в случае отсутствия денег на Текущем счете Платежной карточки или движения денег по Текущему счету Платежной карточки более 12 (двенадцать) месяцев с даты

өтінішінсіз Төлем карточкасының Ағымдағы шотын жабуға құқылы. Бұл ретте Шарт бұзылған/тоқтатылған болып есептеледі және Төлем карточкасының Ағымдағы шоты Клиенттің өтінішінсіз: - соңғы операция күнінен бастап 12 (он екі) айдан астам уақыт бойы Төлем карточкасының Ағымдағы шотында ақша қозғалысы болмаған жағдайда, егер тиісті хабарлама Клиентке жіберілген күннен бастап 3 (үш) ай ішінде Төлем карточкасының Ағымдағы шотына ақша түспесе, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақша қалдығын нотариустың депозитіне аудару шартымен, осы мерзім өткеннен кейін; - соңғы операция күнінен бастап 12 (он екі) айдан астам уақыт бойы ақша болмаған жағдайда, соңғы операция күнінен бастап 12 (он екі) ай өткеннен кейін; - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге негіздер бойынша жабылуға жатады.	последней операции по Текущему счету Платежной карточки. При этом Договор считается расторгнутым/прекращенным и Текущий счет Платежной карточки без заявления Клиента подлежит закрытию: - в случае отсутствия движения денег на Текущем счете Платежной карточки более 12 (двенадцать) месяцев с даты последней операции, по истечении 3 (трех) месяцев со дня направления Клиенту соответствующего уведомления, если в течение данного срока на Текущий счет Платежной карточки, соответственно, не поступили деньги, при условии перечисления остатков денег на депозит нотариуса в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан; - в случае отсутствия денег более 12 (двенадцать) месяцев с даты последней операции, по истечении 12 (двенадцать) месяцев с даты последней операции; - по иным основаниям, предусмотренным действующим законодательством Республики Казахстан.
9.4. Клиент Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша Шартты бұзу туралы Өтініш Банкке түскен күнге дейін немесе Шарттың бұзылуына байланысты мән-жай туындаған күнге дейін жасаған барлық Карточкалық операциялар/операциялар Шарттың талаптарына сәйкес орындалуға жатады. Клиенттің Төлем карточкасының Ағымдағы шотына ұсынылған, Шарт бұзылғаннан кейін Банкке келіп түскен төлем құжаттары бойынша ақшаны Клиент Банктің талабы бойынша толық көлемде төлеуге тиіс.	9.4. Все Карточные операции/операции, совершенные Клиентом по Текущему счету Платежной карточки до даты поступления в Банк Заявления о расторжении Договора или до даты наступления обстоятельства, в связи с которым Договор расторгается, подлежат исполнению в соответствии с условиями Договора. Оплата денег по платежным документам, предъявленным к Текущему счету Платежной карточки Клиента, поступившим в Банк после расторжения Договора, должна быть произведена Клиентом по требованию Банка в полном объеме.
9.5. Шарт бұзылған/тоқтатылған кезде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Клиенттің Банк алдындағы берешектері төленгеннен (өтелгеннен) кейін Төлем карточкасының Ағымдағы шотындағы ақша қалдығы Клиентке Шартта көзделген тәртіппен қолма-қол ақшамен беріледі немесе Клиенттен келіп түскен Шартты бұзу туралы Өтінішке сәйкес, қажет болған жағдайда тиісті төлем тапсырмасын қоса бере отырып, Клиенттің банктік шотына аударылады, бұл ретте Клиент Төлем карточкасының Ағымдағы	9.5. При расторжении/прекращении Договора остаток денег по Текущему счету Платежной карточки после оплаты (погашения) задолженностей Клиента перед Банком выдается Клиенту наличными деньгами, в порядке предусмотренном Договором, или переводится на банковский счет Клиента в соответствии с поступившим от Клиента Заявлением о расторжении Договора, при необходимости, с приложением соответствующего платежного поручения, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан, при этом вознаграждение, уплаченное Клиентом за

шотына/Төлем карточкасына қызмет көрсету үшін төлеген сыйақы қайтарылмайды.	обслуживание Текущего счета Платежной карточки/Платежной карточки не возвращается.
9.6. Шарт Тараптар арасындағы өзара есеп айырысулар толық аяқталғаннан кейін қолданылуын тоқтатады. Шарттың бұзылуы/тоқтатылуы Төлем карточкасының Ағымдағы шотын және/немесе ағымдағы шотты жабуға негіз болып табылады.	9.6. Договор прекращает свое действие после полного завершения взаиморасчетов между Сторонами. Расторжение/прекращение Договора является основанием для закрытия Текущего счета Платежной карточки и/или текущего счета.
9.7. Осы Шарттың мақсаттары үшін Банктің Шартта, оның ішінде Шарттың 1.15-тармағының 1.15.4-тармақшасында көзделген құқықтарды іске асыруы және шараларды қабылдауы Банктің Шарт талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуі болып табылмайды, бұл ретте осы тармақтың талаптарына сәйкес Клиенттен қосымша келісім немесе бас тарту алу талап етілмейді және көрсетілген жағдайда Клиент қажет болған кезде Банктің тиісті хабарламасын (талабын) алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шартқа тиісті қосымша келісім жасасуға міндетті.	9.7. Для целей настоящего Договора реализация Банком прав и принятие мер, предусмотренных Договором, в том числе в пп. 1.15.4. п. 1.15. Договора, не является изменением Банком в одностороннем порядке условий Договора, при этом получение от Клиента дополнительного согласия или отказа в соответствии с условиями настоящего пункта не требуется и в указанном случае Клиент обязан при необходимости заключить соответствующее дополнительное соглашение к Договору, в течение 3 (трех) рабочих дней с даты получения соответствующего уведомления (требования) Банка.
10. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР	**10. ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ**
10.1. Клиент Өтінішке қол қою, оның ішінде динамикалық сәйкестендіру кодын енгізу арқылы Шартқа қосыла отырып: 10.1.1. Клиент Шартты жасасу және орындау мақсатында «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ-на, БСН 080940010300 (бұдан әрі – Банк), дербес деректерді (автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып та, оларды пайдаланбай да), оның ішінде үшінші тұлғаларға (ВТБ Тобына кіретін тұлғаларды қоса алғанда) беру (трансшекаралық беруді қоса алғанда) арқылы пайдалануға және өңдеуге (дербес деректерге қол жеткізу, оларды жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, жаңарту, өзгерту, пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау және жою жөніндегі әрекеттерді қоса алғанда) келісімін (бұдан әрі – Келісім) береді: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ұлты, жынысы, туған күні мен жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды мекенжайы, тұрғылықты жері, байланыс құралының абоненттік нөмірі, оның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, отбасылық және әлеуметтік жағдайы, жылжымалы және жылжымайтын мүлкінің болуы, білімі, кәсібі және биометриялық дербес деректері; Банкке ол туралы	10.1. Клиент, присоединением к Договору путем подписания, в том числе путем проставления кода динамической идентификации, Заявления: 10.1.1. Клиент в целях заключения и исполнения Договора дает согласие (далее – Согласие) ДО АО Банк ВТБ (Казахстан), БИН 080940010300 (далее – Банк) на использование и обработку персональных данных (как со средствами автоматизации, так и без таковых), в том числе путем передачи (включая трансграничную передачу) третьим лицам (включая лиц, входящих в Группу ВТБ), (включая действия по доступу, сбору, систематизации, накоплению, хранению, обновлению, изменению, использованию, распространению, обезличиванию, блокированию и уничтожению персональных данных): фамилии, имени, отчества (при его наличии), национальности, пола, даты и места рождения, индивидуального идентификационного номера, юридического адреса, места жительства, абонентского номера средства связи, номера документа, удостоверяющего его личность, семейного и социального положения, наличия движимого и

мәліметтерді Ресей Федерациясының Орталық Банкіне ұсынуға, сондай-ақ Ресейдің Орталық Банкінің өзі шарттар/келісімдер жасасқан үшінші тұлғаларға және/немесе Ресей Федерациясы заңнамасының талаптарына орай мәліметтерді ұсынуына келісімін береді. Осы Келісім болашақта Банкке түсетін ақпаратқа да қолданылады. 10.1.2. Клиентке қызмет көрсету сапасын бақылау үшін Банкке Клиент (оның уәкілетті өкілі) Call Center-ге, Банктің авторизация қызметіне немесе Банктің өзге бөлімшелеріне жүгінген кезде онымен телефон арқылы сөйлесулерді бақылауға, жазуға және бейне- әрі аудиожазба жүргізуге, сондай-ақ осындай жүгіну/қызмет көрсету фактісін растау үшін жазбаны пайдалануға келісімін береді; 10.1.3. Өтінішті қарауға ұсыну, сондай-ақ ықтимал шығыстар (қажетті құжаттарды ресімдеуге және т.б.) Банктің Шарт бойынша қызметтер көрсету, жұмсалған шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелеріне әкеп соқпайтынымен келіседі; 10.1.4. Банкке Банктің (не Банкпен бірлескен үшінші тұлғалардың) қызметтері/өнімдері/акциялары туралы ақпараттық хабарламаларды және/немесе жарнамалық сипаттағы хабарламаларды, оның ішінде Өтініште және/немесе Банкке ұсынылған және/немесе Банкке хабарланған өзге құжаттарда көрсетілген тұрғылықты/тіркелген мекенжайына, электрондық поштасына, телефондарына, ұялы телефонына SMS-хабарламалар арқылы (*осы қызметке қосылған жағдайда*) алуға/жіберуге келісімін береді. Бұл ретте ақпаратты, оның ішінде дербес деректерді ашық байланыс арналары арқылы берген жағдайда, үшінші тұлғалардың оны (оларды) рұқсатсыз алу тәуекелінің бар екенімен танысқанын және оны түсінетінін растайды әрі осындай тәуекелді өзіне қабылдайды. Банк бірнеше дербес заңды көздерден бірдей дербес деректерді алған кезде осы дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім Банктің трансшекаралық беру мақсаттары үшін пайдалануы ҚР заңнамасымен және (немесе) Банктің міндеттемелерімен шектелмеген көздерден алған дербес деректеріне қолданылады, ал Банк ҚР аумағында осы көздердің кез келгенін пайдалануға құқылы.	недвижимого имущества, образования, профессии и биометрических персональных данных, дает согласие Банку предоставлять сведения о нем Центральному Банку Российской Федерации, а также на предоставление сведений Центральным Банком России третьим лицам, с которыми Центральным Банком России заключены договоры/соглашения и/или в силу требований законодательства Российской Федерации. Настоящее Согласие распространяется и на информацию, которая поступит в Банк в будущем. 10.1.2. дает согласие Банку для осуществления контроля качества обслуживания Клиента вести наблюдение, запись телефонных переговоров с Клиентом (его уполномоченным представителем) при его обращении в Call Center, в службу авторизации Банка или иные подразделения Банка и вести видео- и аудиозапись, а также использовать запись для подтверждения факта такого обращения/обслуживания; 10.1.3. согласен, что подача к рассмотрению Заявления, а также возможные расходы (на оформление необходимых документов, и т.п.) не влекут за собой обязательства Банка по предоставлению услуг по Договору, возмещению понесенных расходов; 10.1.4. предоставляет Банку согласие на получение/ отправку информационных сообщений и/или сообщений рекламного характера об услугах/ продуктах/акциях Банка (либо третьих лиц совместно с Банком), в том числе по адресу проживания/регистрации, электронной почты, телефонам, посредством SMS-уведомлений на мобильный телефон (*в случае подключения к данной услуге*), указанные в Заявлении и/или иных документах, предоставленных Банку и/или сообщенных Банку. При этом, в случае осуществления передачи информации, в том числе персональных данных по открытым каналам связи, подтверждает, что ознакомлен и понимает наличие риска несанкционированного получения ее (их) третьими лицами, и принимает на себя такой риск. При получении Банком идентичных персональных данных из нескольких самостоятельных законных источников,

	настоящее согласие на сбор и обработку персональных данных применяется к персональным данным, полученным Банком из тех источников, использование которых для целей трансграничной передачи не ограничено законодательством РК и (или) обязательствами Банка, тогда как на территории РК Банк вправе использовать любые из этих источников.
10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген келісім Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасында және/немесе Банктің ішкі құжатында белгіленген дербес деректерді және/немесе оларды қамтитын құжаттарды (оның ішінде электрондық құжаттар форматында) сақтау мерзімдері аяқталғанға дейін не Шарттың 10.3-тармағының ережелерін ескере отырып, оны жазбаша түрде кері қайтарып алған сәтке дейін беріледі, бұл ретте Банк/үшінші тұлғалар Шартты/келісімді орындау/банктік қызметті (операцияны) көрсетуді аяқтау мақсатында, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуді жалғастыру қолданылатын заңнаманың, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарына (мұндай жағдайда дербес деректерді өңдеу заңнама талаптарын орындау үшін қажетті шектерде жүзеге асырылады), Банктің ішкі құжаттарына байланысты болса, дербес деректерді өңдеуді жалғастыруға құқылы.	10.2. Согласие, указанное в п. 10.1. Договора, дается до истечения сроков хранения персональных данных и/или документов (в том числе, в формате электронных документов), содержащих их, установленных законодательством Республики Казахстан, а также законодательством иностранных государств, оказывающих влияние на деятельность Банка, и/или внутренним документом Банка, либо до момента его отзыва в письменной форме с учетом положений п. 10.3. Договора, при этом Банк/третьи лица вправе продолжить обработку персональных данных в целях исполнения Договора/соглашения/завершения оказания банковской услуги (операции), а также, если продолжение обработки персональных данных обусловлено требованиями применимого законодательства, а также законодательства иностранных государств, оказывающих влияние на деятельность Банка (в таком случае обработка персональных данных осуществляется в пределах, необходимых для выполнения требований законодательства), внутренними документами Банка.
10.3. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін немесе Банк алдында кез келген орындалмаған міндеттемелер болған жағдайларды қоспағанда, Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген келісім келісімді кері қайтарып алу сәтінен кемінде 1 (бір) ай бұрын Банкке тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы кері қайтарып алынуы мүмкін.	10.3. Согласие, указанное в п. 10.1. Договора, может быть отозвано путем направления соответствующего письменного уведомления Банку не менее чем за 1 (один) месяц до момента отзыва согласия, за исключением случаев, если это противоречит законодательству Республики Казахстан, либо при наличии любых неисполненных обязательств перед Банком.
10.4. Клиент Өтінішке қол қою (динамикалық сәйкестендіру кодын енгізу) арқылы Шартқа қосыла отырып, Банктің заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасын,	10.4. Клиент, присоединившись к Договору, подписанием (проставлением кода динамической идентификации) Заявления в целях соблюдения Банком законодательства Республики Казахстан по противодействию легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, финансированию терроризма и

халықаралық/үкіметаралық келісімдердің талаптарын, FATCA талаптарын сақтау мақсатында Банктің операциялар жүргізу үшін Банкке ұсынылған кез келген түрдегі деректерді алу, тексеру/қайта тексеру жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген әрекеттер мен шараларды жүзеге асыруына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының валюталық және/немесе өзге заңнамасында, Өтініште және/немесе Шарттың талаптарында белгіленген негіздер бойынша және шектерде Клиенттің Төлем карточкасының Ағымдағы шоты бойынша жүргізген операциялары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынуға келісімін береді.	финансированию распространения оружия массового уничтожения, требований международных/межправительственных соглашений, требований FATCA, дает свое согласие на осуществление Банком любых не запрещенных законодательством Республики Казахстан действий и мер по получению, проверке/перепроверке любого рода данных, предоставленных в Банк для проведения операций, а также на предоставление информации в Национальный Банк Республики Казахстан и другие уполномоченные государственные органы о проведенных Клиентом операциях по Текущему счету Платежной карточки по основаниям и в пределах, установленных валютным и/или иным законодательством Республики Казахстан, Заявлением и/или условиями Договора.
10.5. Жекелеген банктік қызметтер мен өнімдерді ұсыну Клиенттің Шартқа қосылуына дейін де, одан кейін де жасалған/белгіленген жекелеген шарттармен, келісімдермен және қызмет көрсету қағидаларымен (талаптарымен) реттелуі мүмкін.	10.5. Предоставление отдельных банковских услуг и продуктов может регулироваться отдельными договорами, соглашениями и правилами (условиями) обслуживания, заключенными/установленными как до, так и после присоединения Клиента к Договору.
10.6. Клиент/қосымша төлем карточкасын Ұстаушы Банк пен үшінші тұлғалар болып табылатын ұйымдар арасында жасалған келісімдерге сәйкес жеңілдіктер (мысалы, кейбір қонақүй желілеріндегі, мейрамханалардағы жеңілдіктер, сақтандыру бағдарламалары және т.б.) ала алады. Банк осындай жеңілдіктер туралы ақпаратты Банктің операциялық бөлімшелерінде немесе Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастыру арқылы Клиентке хабарлай алады. Клиент мұндай жеңілдіктерді Клиентке/қосымша төлем карточкасын Ұстаушыға Банк емес, үшінші тұлғалар болып табылатын ұйымдар ұсынатыны туралы хабардар етілген; Банк Клиентке/қосымша төлем карточкасын Ұстаушыға мұндай жеңілдіктерге, сондай-ақ олардың сапасына, бар болуына және үздіксіз ұсынылуына қатысты ешқандай кепілдіктер немесе сендірулер бермейді; Банк Клиенттің/қосымша төлем карточкасын Ұстаушының үшінші тұлғалар болып табылатын ұйымдар Клиентке/қосымша төлем карточкасын Ұстаушыға ұсынатын жеңілдіктерді	10.6. Клиент/Держатель дополнительной платежной карточки может получать льготы (например, скидки в некоторых гостиничных сетях, ресторанах, страховые программы и др.) в соответствии с соглашениями, заключенными между Банком и организациями-третьими лицами. Банк может информировать Клиента о таких льготах размещая информацию о них в операционных подразделениях Банка или на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz. Клиент уведомлен о том, что такие льготы предоставляются Клиенту/Держателю дополнительной платежной карточки организациями - третьими лицами, а не Банком; Банк не предоставляет Клиенту/Держателю дополнительной платежной карточки никаких гарантий или заверений в отношении таких льгот, а также их качества, наличия и непрерывного предоставления; Банк не несет никакой ответственности в связи с использованием Клиентом/Держателем дополнительной платежной карточки льгот, предоставляемых Клиенту/Держателю дополнительной

пайдалануына байланысты ешқандай жауапкершілік көтермейді.	платежной карточки организациями - третьими лицами.
10.7. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптан алынған қаржылық және өзге ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру (автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып және оларды пайдаланбай) барлық Тараптардың жазбаша келісімімен ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Шартта көзделген жағдайларда мүмкін болады.	10.7. Каждая из Сторон обязуется сохранять конфиденциальность финансовой и прочей информации, полученной от другой Стороны. Передача такой информации (с использованием средств автоматизации и без таковых) третьим лицам возможна только с письменного согласия всех Сторон, а также в случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан и/или Договором.
10.8. Егер Шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, Банкке немесе Клиентке арналған, Шарт шеңберінде жасалған кез келген хабарлама, талап немесе сұрау салу, оның ішінде Банктің Клиенттің жазбаша өтінішіне жауабы жазбаша/электрондық түрде ұсынылады. Мұндай хабарлама, талап немесе сұрау салу жеке табыс етілген, пошта немесе курьерлік байланыс арқылы не өзге байланыс түрлерімен (қашықтан банктік қызмет көрсету шеңберінде жеке тұлғаларға арналған Интернет-банкинг және т.б.) Шарттың 11-бөлімінде айқындалған Банктің мекенжайына немесе Өтініште не Клиенттің мекенжайының/байланыс деректерінің өзгеруі туралы Клиенттің жеке өтінішінде/хабарламасында көрсетілген Клиенттің мекенжайына/байланыс деректеріне жеткізілген кезде тиісінше ұсынылған немесе жіберілген болып есептеледі. Жария, жалпы сипаттағы хабарламалар тиісті ақпаратты Банктің операциялық залында және/немесе Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.	10.8. Любое уведомление, требование или запрос, составленные в рамках Договора для Банка или для Клиента, включая ответ Банка на письменное обращение Клиента, будут представляться в письменном / электронном виде, если иное не предусмотрено условиями Договора. Такое уведомление, требование или запрос рассматриваются как должным образом представленные или направленные, когда они вручены лично, доставлены по почте или курьерской связью, или иными видами связи (в рамках дистанционного банковского обслуживания Интернет-банкинг для физических лиц и др.) по адресу Банка, определенному в разделе 11 Договора, или адресу/ контактным данным Клиента, указанному/указанным в Заявлении либо в отдельном заявлении/уведомлении Клиента об изменении адреса/контактных данных Клиента. Уведомления публичного, общего характера осуществляются путем размещения соответствующей информации в операционном зале Банка и/или на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz.
10.9. Банк жіберген хабарлама, талап (наразылық), сұрау салу Клиентке: - қолма-қол (курьер арқылы) жіберілген кезде – тиісті белгі қойылып алынған күні; - тапсырыс хатпен жіберілген кезде – жіберілгеннен кейінгі 3 (үшінші) күні (пошта ұйымы жөнелту кезінде берген құжаттың күні бойынша); - Банктің операциялық залында немесе Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған кезде – орналастырылған күні;	10.9. Уведомление, требование (претензия), запрос, направленные Банком, считаются полученными (-ой) Клиентом: - при отправке нарочным (курьером) – в день получения с соответствующей отметкой; - при отправке заказным письмом – на 3 (третий) день после отправки (по дате документа, выданным организацией почты при отправке). - при размещении в операционном зале Банка или на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz, - в день размещения;

- электрондық пошта арқылы/SMS-хабарлама/push-хабарлама жіберілген кезде – жіберілген күні алынған болып есептеледі. Егер Банк Шарттың 10.8-тармағына сәйкес Өтініште/тиісті өтініште/хабарламада көрсетілген Клиенттің телефондарына және/немесе мекенжайларына sms-хабарлама, push-хабарлама немесе электрондық пошта (e-mail) арқылы хабарлама не факс немесе хабар жіберсе, Клиенттің осы sms-хабарламаны/push-хабарламаны немесе электрондық пошта (e-mail) арқылы хабарламаны не факсты немесе тапсырысты пошта жөнелтілімін алғаны (Клиентке жеткізілгені) туралы хабарламаны немесе қандай да бір басқа хабарламаларды (оқылғаны туралы хабарлама және т.б.) Банкке жіберу қажеттігінсіз, Банктің sms-хабарлама/push-хабарлама жіберу немесе электрондық пошта (e-mail) арқылы хабарлама жіберу не факс жіберу немесе тапсырысты пошта жөнелтілімін жіберу арқылы Клиентке хабарлау міндеті тиісінше орындалған деп танылады. Банктің Клиентке оның жазбаша өтінішіне жауабын беруі мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады: а) қолма-қол (курьер арқылы), бұл ретте тиісті белгі қойылып алынған күні жеткізілген болып есептеледі; б) тапсырыс хатпен, бұл ретте жіберілгеннен кейінгі 3 (үшінші) күні (пошта ұйымы жөнелту кезінде берген құжаттың күні бойынша); в) жеке тұлғаларға арналған Интернет-банкингте жауап қамтылған немесе Клиентке берілетін жауаптың толық мәтіні орналастырылған интернет-ресурсқа сілтемесі бар мәтіндік SMS-хабарлама немесе push-хабарлама жіберу арқылы. Бұл ретте Банктің Клиенттің жазбаша өтінішіне жауабы Клиентке оны табыс ету мүмкін еместігі туралы белгімен немесе оны қабылдаудан бас тартуға байланысты қайтарылған жағдайда, Клиентке тиісінше берілген болып есептеледі. Клиент немесе оның уәкілетті өкілі Банкке келген кезде, Клиенттің жазбаша өтінішіне жауап оған қол қойғыза отырып, жеке қолына табыс етіледі. Банктің интернет-ресурсындағы нақты уақыт режимінде хабар алмасу жүйесі арқылы	- при отправке по электронной почте/SMS-уведомления/push-уведомления - в день отправки. Обязанность Банка по уведомлению Клиента путем направления sms-сообщения/ push-уведомления или направления сообщения по электронной почте (e-mail), или направления факса, или направления заказного почтового отправления, будет признаваться надлежащим образом исполненной, если Банк направит sms-сообщение, push-уведомление или сообщение по электронной почте (e-mail), или факс, или сообщение по телефонам и/или адресам Клиента, указанным в Заявлении/ соответствующем заявлении/уведомлении согласно п. 10.8. Договора, без необходимости направления Банку уведомления о получении Клиентом (доставке Клиенту) этого sms-сообщения/ push-уведомления или сообщения по электронной почте (e-mail), или факса, или заказного почтового отправления, или каких-либо других уведомлений (уведомления о прочтении и пр.). Передача Банком Клиенту ответа на письменное обращение Клиента производится способом: а) нарочно (курьером) и считается доставленным в день получения с соответствующей отметкой; б) заказным письмом на 3 (третий) день после отправки (по дате документа, выданным организацией почты при отправке); в) отправкой текстового SMS-сообщения или push-уведомления в Интернет-банкинге для физических лиц с ответом либо со ссылкой на интернет-ресурс, содержащий полный текст ответа Клиенту. При этом, ответ Банка на письменное обращение Клиента в случае возврата ответа с отметкой о невозможности его вручения Клиенту либо в связи с отказом в его принятии считается переданным Клиенту надлежащим образом. При явке Клиента или его уполномоченного представителя в Банк, ответ на письменное обращение Клиента вручается ему под роспись лично в руки. Сообщения, направленные посредством системы обмена сообщениями в реальном времени на интернет-ресурсе Банка и (или) поступившие на абонентские номера,

жіберілген және (немесе) Банкке тіркелген абоненттік нөмірлерге түскен хабарламалар Клиенттердің өтініштері деп танылмайды және ақпараттық сипаттағы сұрау салулар ретінде қаралады.	зарегистрированные на Банк, не признаются обращениями Клиентов и рассматриваются как запросы информационного характера.
10.10. Клиенттің Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқаға беруі Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылмайды. Банк Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін толық немесе ішінара басқаға бере алады.	10.10. Уступка Клиентом своих прав и обязанностей по Договору не может быть осуществлена без предварительного письменного согласия Банка. Банк может полностью или частично уступать свои права и обязанности по Договору.
10.11. Клиент Шартқа қол қою кезінде Банктің компьютерлік бағдарламамен жаңғыртылған Банк мөрінің және Банктің атынан Шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға қолтаңбасының баламаларын пайдалануына қарсылық білдірмейді және мұның оның талаптарына қайшы келмейтінін растайды.	10.11. Клиент не возражает против использования Банком воспроизведенных компьютерной программой аналогов печати Банка и подписи лица, уполномоченного на подписание Договора от имени Банка, при подписании Договора, и подтверждает, что это не противоречит его требованиям.
10.12. Шарттың ережелерімен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес шешіледі.	10.12. Все вопросы, не урегулированные положениями Договора, разрешаются в соответствии с нормами действующего законодательства Республики Казахстан.
10.13. Банк Шарттың талаптарына сәйкес біржақты тәртіппен енгізетін өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, оларға екі Тарап та қол қойған жағдайда жарамды болады.	10.13. Все изменения и дополнения к Договору, действительны при совершении их в письменном виде и подписании обеими Сторонами, за исключением изменений и дополнений, вносимых Банком в одностороннем порядке, в соответствии с условиями Договора.
10.14. Шарт бірдей заңдық күшке ие мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында әртүрлі түсіндірулер туындаған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.	10.14. Договор составлен на государственном и русском языках, имеющих одинаковую юридическую силу. В случае возникновения разночтений между текстами Договора на государственном и русском языках, Стороны руководствуются текстом Договора на русском языке.

11. БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ/АДРЕС, РЕКВИЗИТЫ БАНКА:

Бас офистің мекен-жайы/ Адрес головного офиса: Қазақстан Республикасы/Республика Казахстан, 050040, Алматы қ./г. Алматы, Тимирязев к-сі/ул. Тимирязева, 26/29 тел.: +7(727) 330-50-50 факс: +7(727) 330-40-50 e-mail info@vtb-bank.kz	**Заңды мекен-жайы/Юридический адрес:** Қазақстан Республикасы/Республика Казахстан, 050040, Алматы қ./г. Алматы, Тимирязев к-сі/ул. Тимирязева, 26/29 тел.: +7(727) 330-50-50 факс: +7(727) 330-40-50 e-mail info@vtb-bank.kz **Банктік және өзге де операцияларды жүзеге**	**Банктік деректемелері/Банковские реквизиты:** БСН/БИН 080940010300 Коршот/Корсчет KZ06125KZT1001302062 ҚР ҰБ МОЕД-дағы/ в ДУМО НБ РК БСК/БИК VTBAKZKZ

	асыруға арналған лицензия (Әмбебап банктік лицензия): 21.08.2026 жылғы № 1.1.432.147 /Лицензия (Универсальная банковская лицензия) на осуществление банковских и иных операций: № 1.1.432.147 от 21.08.2026 года ҚҰЖЖ КОДЫ/КОД ОКПО: 50507796 ЭҚЖЖ/ОКЭД: 64191	